

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының шешімімен
2012 жылғы 31 мамыр
№ 54 хаттама
«БЕКІТІЛДІ»

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы
компаниясы» акционерлік қоғамының
2011 жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

Ақтау қ-сы, 2012 ж.

МАЗМҰНЫ:

1.	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ	3
2.	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ.....	4
3.	КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ	5
4.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ	
	Ошибка! Закладка не определена.	
5.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ	6
6.	ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ	7
7.	КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ	
	БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ	8
8.	КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ	10
9.	КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ	12
9.1.	<i>Өндірістік бағдарламаның орындалуы</i>	<i>12</i>
9.2.	<i>Өндіріс көлемдерінің құрылымын талдау және өнімді сатып өткізу.....</i>	<i>15</i>
9.3.	<i>Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы</i>	<i>17</i>
9.4.	<i>Күрделі қаржы жұмсалымы.....</i>	<i>17</i>
10.	САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	18
11.	БИЗНЕС ГЕОГРАФИЯСЫН КЕҢЕЙТУ	19
12.	КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.....	19
13.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	21
13.1.	<i>Басқару құрылымы</i>	<i>21</i>
13.2.	<i>Директорлар Кеңесі</i>	<i>Ошибка! Закладка не определена.</i>
13.3.	<i>Директорлар Кеңесінің комитеттері</i>	<i>24</i>
13.4.	<i>Басқарма.....</i>	<i>26</i>
13.5.	<i>Компанияның орталық аппаратының құрылымы.....</i>	<i>27</i>
14.	КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАҒЫНЫСТА ТҮРҒАН	
	ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ	29
15.	БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ	30
15.1.	<i>Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі</i>	
	<i>жүйесінің менеджменті</i>	<i>30</i>
15.2.	<i>Қауіпсіздікті басқару жүйесі</i>	<i>31</i>
15.3.	<i>Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....</i>	<i>34</i>
15.4.	<i>Қоршаған ортаны қорғау</i>	<i>36</i>
16.	БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУ ҚЫЗМЕТІ ...	40
17.	КАДР МӘСЕЛЕЛЕРІ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК	
	ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	42
17.1.	<i>Кадрлық саясат</i>	<i>42</i>
17.2.	<i>Кадрларды даярлау.....</i>	<i>43</i>
17.3.	<i>Демеушілік және қайырымдылық көмек.....</i>	<i>44</i>
18.	АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ	44

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

ҚТКФ 2011 жылғы қызметі компанияның негізгі стратегиялық мақсаттарын ойдағыдай іске асырып отырғандығын, атап айтқанда одан әрі дамып, Каспий теңізінде жетекші кеме компанияларының бірі ретінде өзінің лайықты орнын бекемдей түскенін, сонда-ақ Қара теңіз бен Жерорта теңізіне шығуды қамтамасыз етіп отырғанын дәлелдеп отыр.

ҚТКФ жетістіктерге ие болуына оның Жалғыз акционері - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ оңды ықпалын тигізіп отырғандығы сөзсіз. Осылайша, өткен жылы ҚТКФ бизнесінің географиясын кеңейту және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының синергиясын қамтамасыз ету мақсатында Жалғыз акционердің кепілдік беруімен алынған қаражат ҚТКФ тарихында бұрын соңды болмаған «Aframax» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу бойынша ең ірі инвестициялық жобаны іске асыру мүмкіндігін берді. Осы жобаны іске асыру бұдан былай «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көлемдерін ашық теңіз арқылы тасымалдау мүмкіндігін бермек.

Бүгінде теңіз арқылы тасымалдау Қазақстанның бірден бір серпінді әрі тұрақты дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. ҚТКФ «Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығы» Заңды тұлғалардың коммерциялық емес бірлестігіне қатысу арқылы Қазақстанның теңіз саласының дамуына оңды ықпал тигізіп отырған нормативтік құқықтық актілердің әзірленуі мен қабылдануына белсенді қатысты.

Осы орайда алдыңғы жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қолдау көрсету ретінде ҚТКФ Ұлттық теңіз тасымалдаушысы ресми мәртебесі берілді (2011 жылғы 29 сәуірдегі № 462 ҚРҰҚ). ҚТКФ жаңа мәртебесі оның негізгі міндеттерінің оңды шешімін табуда, сауда флотын одан әрі дамытуда мемлекет тарапынан тиісті қолдауға ие болу мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, 2011 жылғы 21 қазанда ҚТКФ қатысуымен Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы Үкіметаралық келісімге қол қойды. Осы шарт теңіз көлігі саласында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың негізін қалайтын құжат болды.

Жоғарыда баяндалған жағдайлар компанияның тұрақты дамуы және оның капиталдандырылуын қамтамасыз ету ретінде ҚТКФ үшін бизнесті әртараптандыру, жаңа жобаларды іске асыру мүмкіндігін беретіндігі сөзсіз.

Есеп беру жылындағы жетістіктер Компанияның одан әрі тұрақты дамуының және оның өз алдына белгілеген мақсаттарға қолжетімді болуының алғышарттары болып табылмақ. Алдағы уақытта біз өз қызметімізде неғұрлым жоғары өндірістік, экологиялық және әлеуметтік стандарттарды ұстана отырып, еліміздің және акционеріміздің әл-ауқатын арттыруда тиімді еңбек етеміз деп сенемін.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ

2. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Басқарма төрағасының жолдауы

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» акционерлік қоғамы қызметінің жылдық есептемесін назарыңызға сала отырып, өткен 2011 жыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай келгенін атап өткім келеді.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ қызметін жүзеге асыру барысында өзінің құрылуынан бастап нарықтың жаңа жағдайларында қалыптасуына дейін небір қиыншылықтардан өтті. Осы жылдар ішінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Қазақстанның халықаралық теңіз көлігі қауымдастығының сындарлы қатысушысы болуына бар күш-жігерін жұмсады. Өзінің даму кезеңі ішінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ айтарлықтай ірі Компаниялардың біріне айналып, бүгінде Қазақстан теңіз саласын одан әрі дамытудың іргетасы қаланды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ алдыңғы жылдағы қызметі «Aframax» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу бойынша ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуымен сипатталып, осының нәтижесінде ашық теңіз арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен басқадай қазақстандық мұнай-газ компанияларының мұнай көлемдерін тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Атап көрсетілген жобаны іске асыру барлау - өндіру, тасымалдау-қайта өңдеу – сатып өткізу бойынша толымды циклге қолжетімді болуға оңды септігін тигізіп, қазақстандық көмірсутекті «door to door» жүйесі бойынша соңғы тұтынушыға дейін жеткізудің синергетикалық тиімділігін қамтамасыз етпек.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ 2011 жылы Ақтау портынан мұнайды тасымалдау бойынша өзінің озат позициясын бекемдей түсіп, осылайша жалпы экспортқа шығарылатын 8 млн. тонна мұнай көлемінің 5,9 млн. тоннасын (74%) тасымалдады.

Бизнесті одан әрі әртараптандыру мақсатында ҚТКФ 2011 жылдан бастап Ақтау портынан құрғақ жүктерді тасымалдау бойынша қызметін жүзеге асырып бастады, ол үшін 2011 жылғы 29 қарашада құрғақ жүктерді таситын 6 200 тонна салмағындағы екі кемені ұзақ мерзімді тайм-чартерге алу бойынша шарт жасасты.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ 2011 жылғы шоғырландырма таза табысы 1343 млн. теңге құрады.

Жоғарыда баяндалған жағдайларды қорытындылай келе Компания ұжымына 2011 жылдағы тиімді және кәсіби жұмысы үшін алғысымды білдіре отырып, алдағы уақытта ауқымды міндеттерді бірлесе отырып шешуге аянбай жұмыстанамыз деп сенемін.

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ
Бас директоры**

3. КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ

МИССИЯСЫ:

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ (бұдан әрі – ҚТКФ) Каспий теңізі мен ашық теңізде қауіпсіз, сенімді және тиімді теңіз тасымалын қамтамасыз ету үшін ұлттық теңіз сауда флотын құрып, оны дамытуға ұмтылады.

ПАЙЫМДАУЫ:

Бүгінде ҚТКФ жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары хадықаралық стандарттарына сәйкес келетін біріктірілген кеме компаниясы болып табылады.

4. КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Сәуір

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі №462 Қаулысымен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Ұлттық теңіз тасымалдаушысы мәртебесі берілді.

2) Менеджменттің біріктірілген жүйесіне жүргізілген инспекциялық (қадағалау) тексеріс ойдағыдай өтіп, «Орыс Тіркелімі» Сертификаттау жөніндегі қауымдастығы (РФ, Санкт-Петербург қаласы) ерікті сертификаттау жүйесіндегі және SAI GLOBAL (Австралия), сондай-ақ IQNet Халықаралық Сертификаттау Желісінің бірыңғай үлгісіндегі сертификаттар «Сапа менеджментінің жүйесі» ИСО 9001, «Экологиялық менеджментінің жүйесі» ИСО 14001 және «Өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау менеджментінің жүйесі» OHSAS 18001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі мына қызмет түрлеріне қатысты расталды:

- шикі мұнайды теңіз көлігі арқылы тасымалдау жағдайындағы коммерциялық менеджмент;
- шикі мұнайды портта ауыстырып тиеу, порттағы жүктерді экспедициялау, мұнай құю танкерлері мен басқадай кемелерді, сүңгуір жұмыстарын (персоналмен және жабдықтармен жарақталу деңгейіне қарай кемелерді суастынан куәландыру, суасты-техникалық жұмыстар, теңіз қайраңында жүргізілетін жұмыстар) басқару үшін айлақтарды пайдалануға беру);
- жүктерді теңіз көлігі арқылы тасымалдау, техникалық менеджмент пен танкерлік флоттың теңізде жүзу қауіпсіздігі саласындағы менеджмент).

Шілде

22 шілдеде Маршалл аралдарының заңды хүкіміне ие «Altai Shipping» Ltd және «Alatau Shipping» 2 еншілес компания құрылды. Осы компаниялар халықаралық теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін құрылған ҚТКФ 100% еншілес компаниялары болып табылады.

Тамыз

10 тамызда Standard & Poor's Корпоративтік басқару рейтингі қызметі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ белгіленген GAMMA-4+ деңгейіндегі «Корпоративтік басқарудың, есептілік пен менеджменттің тиімділігін талдау және бағалау» (Governance, Accountability, Management, Metrics, and Analysis - GAMMA) рейтингісін растауды және оны кері қайтарып алынатындығын хабарлады.

ҚТКФ GAMMA корпоративтік басқару рейтингісі Standard & Poor's бастамашылық танытуымен GAMMA әдістемесі бойынша корпоративтік басқаруды бағалау бойынша ұсынылатын қызмет көрсетулерді тоқтату туралы Standard & Poor's қабылданған шешімге орай кері қайтарып алынды. Сонымен бірге тем Standard & Poor's корпоративтік басқаруды кредиттік талдау шеңберінде бағалауды одан әрі жалғастырады.

Қазан

1) 21 қазанда ҚТКФ қатысуымен талқылау барысында Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы Үкіметаралық келісімге қол қойды.

2) Жалғыз акционерге 2010 жыл бойынша 322 759 (Үш жүз жиырма екі миллион жеті жүз елу тоғыз мың) теңге сомасында дивидендтер төленді.

Желтоқсан

1) 1 желтоқсанда ҚТКФ Жалғыз акционерінің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (№158 хаттама) ҚТКФ Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді.

2) жеке салмағы 115 мың тонналық «Aframax» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу бойынша Инвестициялық жоба іске асырылды. Жаңа кемелерге «Alatau» және «Altai» атаулары берілді.

Танкерлер мұнай мен мұнай өнімдерін Қара және Жерорта теңіздері арқылы тасымалдау үшін көздестіріліп отыр. Осы кемелерді сатып алу «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қолдау көрсетуімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру бойынша белгіленген шаралардың шеңберінде жүзеге асырылды.

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын бекіту туралы» №1027 Қаулысына сәйкес ҚТКФ «Халықтық IPO» Бағдарламасы бойынша акцияларын KASE Қазақстандық Қор Биржасында орналастыру бойынша даярлық іс-шараларды қолға алды.

Осы жылдың ішінде ҚТКФ қатысуымен Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының көлік мәселесі жөніндегі кейбір занамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» № 369-IV Заңын іске асыру мақсатында мына мәселелерді көздестіретін нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, қабылданды:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы Қағидалық ереже;
- кемелердегі қызметтерді ұйымдастырудың негіздері, сондай-ақ кеме экипажының негізгі міндеттері мен құқықтары;
- теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы теңіз флоты кемелерінің жүзу құрамының жұмыс уақыты мен тынығу уақытын, сондай-ақ теңізшілер еңбегін және оларға еңбекке ақы төлеу жағдайын реттеу;
- теңіз кемелері экипаждарының мүшелеріне диплом беру;
- Қазақстан Республикасының теңіз көлігі арқылы жолаушыларды, қолжүгін және жүктерді тасымалдау тәртібі.

5. КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

ҚТКФ көлік саласындағы клиенттеріне инновациялық, тиімді, қауіпсіз және экологиялық сенімді шешімдерін ұсына отырып, өз алдына әлемдік беделге ие Компания болу міндетін белгілеп отыр.

Негізгі стратегиялық мақсаттары:

- 2020 жылға қарай Қазақстан Республикасының порттарынан меншікті флоты арқылы мұнайды тасымалдаудың кем дегенде 2/3 көлемін және құрғақ жүктерді тасымалдаудың кем дегенде 1/2 көлемін қамтамасыз ету;
- 2020 жылға қарай EBITDA маржасының деңгейін кемінде 33%-ға, ROACE деңгейін кемінде 12%-ға ұлғайтуға ұмтылу;
- Инвесторлар үшін тартымды болу мақсатында өз қызметінің «айқын» және қаржылай тұрақты болуына ұмтылу.

Компания қызметінің түрлері:

- 1) жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді тасымалдау;
- 2) кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- 3) кемелерді жалға беру (кемені жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- 4) отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолінді және басқадай отын мен материалдар түрлерін сатып алу, сату;
- 5) теңіз агентінің қызметтері;
- 6) теңіз брокерінің қызметтері;
- 7) стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- 8) кемелердің құрылысын салу, кеме жөндеу базасының құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу;

- 9) теңіз мамандықтары бойынша мамандарды даярлау;
- 10) Заңнамамен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлері.

6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы теңіз сауда флотының жұмысы елеулі деңгейде тасымалдау процесінің бүкіл қатысушыларының өзара қатынастарын, сондай-ақ суда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастырып, оның үйлесімді болуына байланысты болады.

Осы орайда ҚТКФ мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алады, атап айтқанда:

1. Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;
2. Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
3. Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
4. Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
5. Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
6. Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
7. Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
8. Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
9. Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
10. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран, 2003 жылғы 3 қараша) – ратификацияланған;
11. «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы» БҰҰ конвенциясы (1978 жылғы Гамбург ережелері) – ратификацияланған;
12. Халықаралық еңбек ұйымының №185 теңізшілердің жеке куәлігі туралы конвенциясы – ратификацияланған.
13. РФ Үкіметі және ҚР арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Новосибирск қаласы, 2007 жылғы 4 қазан) – ратификацияланған.

Орта мерзімді перспективада теңізде жүзу қауіпсіздігін, кемелердегі теңізшілердің әлеуметтік мәселелерін, табиғатты қорғау іс-шараларын және басқасын реттейтін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеу міндеті белгіленіп отыр.

7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

ҚТКФ Ұлттық теңіз тасымалдаушы ретінде мұнай мен мұнай өнімдерін, жолаушыларды, жүктерді, соның ішінде гуманитарлық жүктерді, арнайы жүктерді,

тасымалдау бойынша бәсекеге қабілетті қызметтерді ұсынады, сауда мақсатында теңізде жүзу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатыса отырып, оның негізгі бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында сауда мақсатында теңізде жүзудің заңнамалық базасын құруға қатысады. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің ұзақ мерзімді стратегиясын, Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ Теңіз көлігін дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын басшылыққа ала отырып, өз Миссиясын іске асыру және Пайымдауына қолжетімді болу мақсатында ҚТКФ мұнай тасымалдау, құрғақ жүктерді тасып шығару бойынша қызметтерді, теңіз операцияларын қолдау флотының қызметтерін, теңіз мұнай кәсіпшілігіне қызмет көрсету шеңберінде сервистік қызметтерді ұсынатын Қазақстандағы кеме жасау мен кеме жөндеу инфрақұрылымының дамуын белсенді қолдайтын біріккен компания ретінде дами түспек.

Осы орайда ҚТКФ стратегиясы Қазақстан Республикасының көліктік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлесін қосуға атсалысып, ұлттық теңіз сауда флотын құру мен оны одан әрі дамытуға бағыттталып отыр.

Компания қызметінің басым бағыттары ретінде мыналар болып табылады:

1) Каспий теңізі арқылы мұнай тасымалдау

Мақсаты: танкерлік тасымалдау нарығында ұлттық теңіз тасымалдаушысының бәсекеге қабілеттігін арттыру және қауіпсіз, сенімді және мұнайды Каспий теңізі арқылы тасымалдау бойынша экономикалық тиімді қызметтерді қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін күшейту, мұнайды тасымалдау нарығында өз үлесін ұлғайту және осы бойынша ұсынылатын қызметтерден түсетін табыс көзін өсіру. ҚТКФ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолдауымен және жобалық қаржыландыру тетігін барынша қолдану арқылы мыналарға ықпалдасады:

- Қазақстандық мұнайдың нарықтағы үлесін және оны экспортқа тасымалдаудан түсетін табысты ұлғайту мақсатында өндіруші саланың қажеттіліктеріне сәйкес өз меншігіндегі танкерлердің салмағын күшейтуге;
- Танкерлік тасымалдау қызметтерін ұсынуға ұзақ мерзімді келісім шарттарды/келісімдерді жасасуға талпынуға, бұл өз алдына ұзақ мерзімді кезеңге ҚТКФ қызметін дамытуды тиімді жоспарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді және ҚТКФ мен оның еншілес бағыныста тұрған ұйымдарының (бұдан әрі – ЕБҰ) инвестициялық жобаларын жобалық қаржыландыру мүмкіндігіне ие болу жағдайларын көздестіреді;
- Танкерлік тасымалдаудың операторы ретінде транскаспий мұнай тасымалы – Қазақстан каспий тасымалдау жүйесі (ҚКТЖ) мен Қазақстан-Иран бағытындағы жаңа жобаларды әзірлеу мен оны іске асыруға қатысуға.

2) Мұнайды ашық теңіз арқылы тасымалдау

Мақсаты: Қазақстан үшін қазақстандық мұнайды тасымалдаудың жаңа нарығын игеру, мұнда өзінің лайықты орнын ұстап қалу және оның аясын белсенді кеңейту, қазақстандық мұнайды әлем нарығына тасымалдаудың көліктік-логистикалық жүйесін қауіпсіз және сенімді пайдалану арқылы Қазақстан үшін технологиялық тәуелсіз және экономикалық тиімді көліктік дәлізді қамтамасыз ету, қосымша табыс көздеріне ие болу.

ҚТКФ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен ҚР Үкіметінің қолдауымен:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы компаниялар тобы және басқадай жер қойнауын пайдаланушылар үшін мұнайды ашық теңіз арқылы тасымалдауда өз меншігіндегі ірі салмақты танкерлердің санын ұлғайта түспек;
- Қазақстандық мұнайды әлем нарығына тасымалдауды ұйымдастыру жолымен мұнайды тасымалдау бойынша қызметтердің қауіпсіз, сенімді және экономикалық тиімді ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізілімін жүргізу» бойынша толымды циклін қамтамасыз ету үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы үшін синергияны құруға қатыспақ.

3) Құрғақ жүктерді тасымалдау

Мақсаты: мұнай нарығы конъюктурасының өзгерістері жағдайында ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін ҚТКФ қызмет түрлерін әртараптандыру, жаңа табыс орталығын құру.

Осы мақсатты іске асыру үшін ҚТКФ:

- Кепілдік көлемдеріне қарай құрғақ жүктерді таситын кемелердің құрылысын/сатып алуды жүзеге асырады;
- Қазақстандық өндірушілермен және астық, металл мен басқадай жүктердің экспорттаушыларымен теңіз арқылы тасымалдау қызметтерін ұсынуға ұзақ мерзімді келісім шарттарды/келісімдерді жасасуға ұмтылады;

4) Теңіз мұнай операцияларын қолдау флотының қызметтері

Мақсаты: меншігіндегі теңіз операцияларын қолдау флотының (бұдан әрі – ТОҚФ) кеме санын ұлғайту және Каспий теңізінің қазақстандық секторының (КТҚС) кен орындарын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде меншікті сервистік флотты құру арқылы нарықтағы өз үлесін ұлғайту, бәсекеге қабілетті қызметтерді ұсыну аясын кеңейту, қосымша табыс көру.

ҚТКФ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолдауымен және ҚР Үкіметінің талаптарын басшылыққа ала отырып:

- Мөлшері мен құрамы бойынша ұсынылатын қызметтерді тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетін ТОҚФ жаңа кемелерін уақтылы пайдалануға беру мақсатында ТОҚФ дамыту бағдарламаларын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның серіктестерімен бірлесе отырып үйлестіреді;
- ҚТҚС көмірсутекті шикізаттың кен орындарын игеру бойынша операторлармен (Ажип ККО /North Caspian Operating Company- (NCOC)/ North Caspian Production Operations Company (NCPOC), «Каспий Меруерт Оперейтинг Компани» және оның мердігерлерімен ТОҚФ ұсынылатын қызметтерге орта-және ұзақ мерзімді келісім шарттарды жасасады;

- Нарықтағы үлесін және сенімді әрі сапалы қызметтерді ұсынудан түсетін табысты ұлғайту мақсатында КТҚС мұнай-газ жобалары үшін сервистік флоттың меншікті кемелер сериясын қатарға қосып, пайдалануға береді;
- Сервистік флотпен ұсынылатын қызметтер саласындағы бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін ірі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестікті дамыта түседі.

5) Сервистік қызметтер

Мақсаты: КТҚС сервистік инфрақұрылымын дамытуға мынадай сапалы және бәсекеге қабілетті қызметтерді ұсыну арқылы ықпалдасады:

- Тас түрлерін құрғақ жерде тасымалдау және оны ауыстырып тиеу, сондай-ақ Түпқараған шығанағындағы айлақ қызметтері бойынша;
- Баутин поселкесінде шағын кемелерді жөндеу бойынша бірлескен кәсіпорынды құру арқылы кеме жөндеу қызметтерінің бүкіл түрлерін кешенді ұсыну бойынша;
- Теңіз кемелеріне, жағалау маңында орналасқан құрылыстар мен оффшорлық құрылыстарға сүңгуір қызметтерін көрсету бойынша;
- Құрық поселкесіндегі флот базасы.

8. КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

1) Салмағы 5000-7000 тонналық құрғақ жүктерді таситын 2 кемеңіз құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану.

Жобаның мақсаты: құрғақ жүктерді таситын меншікті флот кемелерінің құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану арқылы құрғақ жүктердің өсіп келе жатқан тасымал көлемдерін Каспий теңізі арқылы тасымалдауды жүзеге асыру. Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2013 жылдар.

Жобаның болжамды құны: 35,5 млн. АҚШ доллары.

2) Әмбебап және жүктер мен жолаушыларды таситын екі паромның құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану.

Жобаның мақсаты мен идеясы: Сығылған көмірсутекті газ (СКГ), халық тұтынатын тауарлар (ХТТ), мұнай өнімдері сияқты жүктердің экспорты мен импортын ұйымдастырудың қосымша мүмкіндігін беретін жаңадан құрылған көліктік-логистикалық жүйені дамыту.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2013-2015 жылдар.

Жобаның болжамды құны: 60 млн. Евро.

3) Сервистік флот үшін 3 кемеңіз құрылысын салу/сатып алу

Жобаның мақсаты: Меншікті сервистік флотты құру және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы кен орындарын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

Іске асыру мерзімі: 2013 жыл.

Жобаның болжамды құны: 60,5 млн. АҚШ доллары.

9. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ

9.1. Өндірістік бағдарламаның орындалуы

1.1. Мұнай тасымалдау

Каспий теңізі

2011 жылы Ақтау портынан Каспий маңындағы Баку, Махачкала мен Нека (Иран) порттарының бағытында компаниямен 5,9 млн тонна мұнай тасымалданып, бұл Ақтау портынан ауыстырып тиелген жалпы мұнай көлемінің 74%-ын құрады. Оның ішінде ҚТКФ меншігіндегі танкерлермен шамамен 4,1 млн тонна мұнай тасымалданды.

Махачкала порты бағытында 2011 жыл бойынша тасымалданған мұнай көлемі 3,833 млн. тонна мұнайды немесе жоспарлы көрсекіштің 100%-ын құрады.

Баку порты бағытында 2011 жыл бойынша 2,043 млн. тонна мұнай тасымалданды немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 102% (2,006 млн. тонн) құрады.


Осы орайда, Нека порты бағытында 14 мың тонна мөлшерінде жоспарланбаған жүктер көлемі тасымалданды. Осы бағытта мұнайды тасымалдау 2011 жылғы өндірістік бағдарлама бойынша жоспарланбаған болатын.

2001-2011 жылдардан бастап Ақтау портынан мұнайды тасымалдау (млн.тонна)



2011 жылы Ақтау портынан мұнайды тасымалдауда ҚТКФ үлесі

соның ішінде
меншікті флотпен;
67%




1.2 Ашық теңіз

2008 жылдан бастап ҚТКФ Қара және Жерорта теңіздерінде теңіз операцияларын жүргізуді қолға алды. Алдыңғы жылы Компаниямен 3,394 млн тонна немесе жоспарлы көрсеткішке (4,320 млн.тонна) қатысты 79% мұнай мен мұнай өнімдері (жалға алынған флотты есепке ала отырып) тасымалданды. Осы бағытта 2011 жылғы II-тоқсанның бастапқы айларынан бастап «Aframax» типтес танкерлерді өз меншігіне сатып алу бойынша жобаны іске асыру және мұнай көлемін өз меншігіндегі флотпен тасымалдау жоспарланды, бірақ аталмыш жоба 2011 жылдың желтоқсан айынан іске асырылып бастады.

2011 жылғы 8 қыркүйекте Trade House KazMunaiGaz N.V. компаниясымен қосымша келісім жасасып, осы келісімге орай ҚТКФ 2011 жылғы ІҮ-тоқсаннан бастап жалға алынған флотты қоса алғанда тайм және чартерлік рейс талаптарымен Trade House KazMunaiGaz N.V. компаниясының бүкіл мұнай көлемдерінің бірден-бір тасымалдаушысы деп белгіленді.


Мұнайды ашық теңіз арқылы тасымалдау



1. Тас түрлерін тасымалдау

2011 жылғы кезең ішінде тас түрлерін теңіз арқылы тасымалдау көлемі 502 мың тоннаны немесе жоспарлы көрсеткіштің 100%-ын құрады. Осы тас түрлерінің көлемдері меншікті флоттың күшімен тасып шығарылды.

2004-2011 жылдар бойынша тас түрлерін тасымалдау бойынша өндірістік көрсеткіштер (мың тонна)



2. Экспедиторлық қызметтер

Есеп беру кезеңі ішінде экспедиторлық қызметтердің көлемі жоспарлы көрсеткіштің 80%-ын және жүйкайналымының 2 880 мың тоннасын құрады. Көрсеткіштердің төмендеуі Ақтау порты арқылы ҚТКФ тасымалдауға жататын «Тенгизшевройл» ЖШС тарапынан мұнай көлемдерінің толық жеткізілмеуі себептен болды. Аталмыш жағдаят 2011 жылы Транскавказдық дәліздің өткізу қабілеттігінің проблемаларымен, атап айтқанда Әзербайжан мен Грузия аумағы арқылы мұнайды темір жол арқылы Батуми мен Кулевидегі Қара теңіз порттарына дейін тасымалдау мүмкіндігінің шектеулі болуы салдарынан туындады.

3. Каспий теңізінің қайраңын игеру бойынша мұнай-газ саласын қолдау бойынша сервистік флотпен ұсынылатын қызметтер

2011 жылы Компания "KazGacMarine Services" ЖШС (бұдан әрі - «KazGAC»). жабдықтаушы 3 кемелі («Баян», «Жанна» және «Маржан») жалға алды. Осы кемелер «Каспий Меруерт Оперейтинг Компани» (бұдан әрі - КМОК) компаниясына қосалқы жалға берілді.

4. Құрғақ жүктерді тасымалдау

2011 жылғы желтоқсаннан ҚТКФ құрғақ жүктерді Ақтау портынан тасымалдау бойынша операциялық қызметін жүзеге асырып бастады. Осы мақсаттарда тайм-чартер талаптарымен «Волга» типтес екі кеме жалға алынды. Осы кемелермен 2011 жылы ҚТКФ Ислам Республикасы Иранның порттары бағытында 14 мың тонна қазақстандық арпа тасып шығарылды.

Ұлттық теңіз саду флотын дамыту шеңберінде ҚТКФ бірқатар инвестициялық жобаларды, соның ішінде құрғақ жүктерді таситын меншікті флотты құруды жоспарлап отыр.

Құрғақ жүктерді тасымалдау ҚТКФ үшін ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту және мұнай нарығы конъюктурасының өзгерістері жағдайында ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндігін бермек.

Құрғақ жүктерді таситын кемелер флотын құру жүктердің экспорттық базасын және географиялық жағдайды қалыптастыру, Қазақстан Республикасын жүктерді тасып шығару үшін ТРАСЕКА мен Солтүстік-оңтүстік көліктік дәліздерді дамыту үрдісіне белсенді қатыстыру қажеттілігімен туындап отырғандығы сөзсіз.

Құрғақ жүктерді тасымалдау стратегиялық маңызға ие теңіз арқылы жүктер тасымалы түрлерінің бірі болып табылатындықтан, ҚТКФ құрғақ жүктердің құрылысын салудың, оны сатып алудың және пайдаланудың оңтайлы нұсқаларын табуда барынша жұмыстануда.

9.2. Өндіріс көлемдерінің құрылымын және өнімді сатып өткізуді талдау

ҚТКФ мен бүкіл теңіз көлігінің орта және ұзақ мерзімді кезеңге дамуының рөлін және оның даму орнын айқындау үшін SWOT талдауы жүргізілді:

БАСЫМ ТҰСТАРЫ:

- Меншікті танкерлік флотты (салмағы 12-13 мың тонна) және Каспий теңізіндегі теңіз операцияларын қолдау флотын пайдалану іс-тәжірибесі;
- ҚТКФ танкерлік флотын жаңадан құрылысы салынған кеме бірліктері құрайды және олар кеме жүргізу қауіпсіздігінің талаптарына жауап береді;
- Меншікті кемелердің құрылысын салу және оларды сатып алу іс-тәжірибесі (кеме жобаларын әзірлеу бойынша пысықталған рәсімдер, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісін таңдау, қаржы тарту);
- алыс және таяу мемлекеттердің ірі жобалау және кеме жасау ұйымдарымен өзара қатынас орнату;
- «Сапа менеджменті жүйесі» ISO 9001, «Экологиялық менеджмент жүйесі» ISO 14001, «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі» OHSAS 18001 халықаралық стандарттарына жауап беретін ҚТКФ бойынша сертификатталған Менеджменттің біріктірілген жүйесін қолданысқа енгізу;
- ҚТКФ Кемелерді қауіпсіз пайдалану және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекске сәйкес сертификаттау;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамына кіретін акционердің тиісті беделге ие болуы.

ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ:

- ҚТКФ ҚМГ қатысты үлестес тұлға болып табылуына байланысты ірі клиент – Солтүстік-Каспий операторына ұсынылатын қызметтердің табыстылығы бойынша шектеулердің қойылуы;

- Инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық ресурстардың (жеке және тартылатын) жеткілікті көлемі, займ алу лимиттерінің төмен болуына байланысты займ капиталына қолжетімді болуды шектеу;
- инвестициялық жобаларды акционермен келісудің қиыншылықтары және көп сатылылығы, бұл ҚТКФ нарықтағы өзгерістерге оралымды ден қою бойынша мүмкіндіктерін шектейді;
- Қазақстанда Теңіз әкімшілігінің болмауы;
- меншікті танкерлік флотты ашық теңізде пайдалануда іс-тәжірибенің жеткілікті болмауы;
- мемлекет тарапынан ҚТКФ флоты үшін салықтар, кедендік алымдар, қазақстандық портқа кеме кіруі бойынша пұрсаттылықтардың көзделмеуі, бұл Каспий маңы мемлекеттерінің кеме компанияларымен салыстырғанда ұлттық теңіз сауда флотының бәсекеге қабілеттігін төмендетуі мүмкін.

МҮМКІНДІКТЕРІ:

- Жүктер базасының, соның ішінде мұнайға, құрғақ жүктерге, тас түрлеріне көзделген базаның болуы;
- Каспий теңізінің қайраңында көмірсутекті шикізатты барлау мен өңдеу жобаларының шеңберінде теңіз көлік қызметтерін ұсынуға келісім шарттарды жасасу жағдайында ҚМГ тарапынан қолдаудың көрсетілуі;
- Каспий теңізі арқылы өтетін маршруттар үшін көліктік-логистикалық тізбектің маңызды элементтерінің бірі ретінде теңіз тасымалын дамыту;
- ҚМГ топтары үшін синергияны алу: тұрақты бизнес-жоспарлау, дивидендтер мөлшерін ұлғайту, мультимодальдік логистикалық сызбаны қалыптастыру;
- Қара, Балтық және Жерорта теңіздері мен басқадай ашық теңіз порттарынан әлемдік нарыққа ҚТКФ қазақстандық мұнайды тасымалдауға байланысты жобаларды іске асыруда акционердің қолдауына ие болу;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын бекіту туралы» №1027 Қаулысына сәйкес «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру есебінен инвестицияларды тарту; «IPO әзірленімі» өлшем көрсеткіштеріне сәйкес ҚТКФ кандидат-компаниялардың II эшелонына енгізілді. Компанияның IPO шығуының жоспарлы көрсеткіші – 2013 жыл деп белгіленіп отыр.

ҚАУІП-ҚАТЕР

- Қашаған кен орнын өнеркәсіптік өңдеу және пайдаланудың белгіленген мерзімін кейінге қалдыру;
- тиісті біліктілікке ие ұлттық теңіз кадрларының тапшылығы;
- жүкжөнелтушілермен жүктерді тасымалдаудың кепілді көлемдеріне ұзақ мерзімді шарттарды жасаспау;
- әлемдік тауар нарығының, әсіресе мұнай нарығы конъюктурасының тұрақсыздығы;

- жүкжөнелтушілердің Каспий теңізіндегі теңіз көлігін тасымалдаудың басқадай түрлеріне қатысты - құбырлар және темір жол бойынша қосымша түрде пайдалану;

- нарықтағы үлесін ұлғайтуға, соның ішінде өз мемлекетінің қолдауына ие болу арқылы флот кемелерінің бірлігін ұлғайтуға бағытталған бәсекелестердің іс-әрекеті (пұрсаттылықтар, жеңілдіктер және б.ө.);

- мұнайды тасымалдаудың жаңа құбыр жүйелерін кеңейту және олардың құрылысын салу жүктердің теңіз порттарынан жылыстауына әкеліп соқтырады;

- тасымалданатын шикізат түрлерін және оның маршруттарын таңдау бойынша көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жөніндегі жоба операторларымен қабылданатын шешімдерге тәуелді болуы;

- Каспий теңізінің жоғары экологиялық сезімталдығы.

9.3. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

мың теңге

№	Көрсеткіштер	Нақты	Жоспар	Нақты	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
		2010	2011	2011	6 (%) = 3\2	7 (%) = 5\4	8 (%) = 5\3
A	I	3	4	5	6 (%) = 3\2	7 (%) = 5\4	8 (%) = 5\3
1	Кірістер, соның ішінде:	23 081 205	20 670 906	19 908 563	99%	96%	86%
1.1	Өнімді сатып өткізу және қызметтерді ұсынудан түскен табыс	22 876 676	20 670 906	19 790 513	105%	96%	87%
1.2.	Қаржыландырудан түскен кірістер	133 406	0	45 429	13%		34%
1.3.	Өзге кірістер	71 123	0	72 721	13%		102%
2.	Шығыстар, соның ішінде:	20 723 120	19 148 085	18 431 331	101%	96%	89%
2.1.	Өзіндік құны	18 730 214	16 547 305	16 613 395	106%	100%	89%
2.2.	Сатып өткізу бойынша шығыстар	382 702	578 955	148 429	127%	26%	39%
2.3.	Жалпы және әкімшілік шығыстар	868 785	1 210 883	1 230 372	91%	102%	142%
2.4.	Қаржыландыру бойынша шығыстар	735 720	810 942	402 202	61%	50%	55%
2.5.	Өзге шығыстар	5 699	0	36 933	1%		648%
3.	Қатысу үлесінің әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың табыс (шығындар) үлесі	-81 870	0	- 28 845	292%		35%
4.	Салық салынғанға дейінгі табыс (шығындар)	2 276 214	1 522 821	1 448 387	82%	95%	64%
5.	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	989 172	304 564	105 425	167%	35%	11%
6.	Асыра түскен табысқа салық салу бойынша шығыстар						
7.	Азшылық үлесін шегергенге дейінгі жиынтық табыс	1 287 042	1 218 257	1 342 962	59%	110%	104%
8.	Азшылық үлесі						
9.	Жиынтық табыс	1 287 042	1 218 257	1 342 962	59%	110%	104%

Негізгі қызмет көрсеткіші	Өлшем бірлігі	2011 жыл			
		жоспар	нақты	(+/-)	(%)
(ROACE)		5,2%	5,6%	0	107%
Қызметінің рентабельдігі (шығыстарға жиынтық табыс)		6,4%	7,3%	0	115%
Мұнай тасымалдаудың меншікті өзіндік құны	мың теңге/ мың тонна	1 047	1 279	232	122%
Мұнай тасымалының жүк айналымы	млн.км	5 366	5 332	-34	99%
Еңбек өнімділігі	мың теңге/адам	39 562	46 024	6 462	116%
Ағымдағы өтімділік коэффициенті		2	2	- 0	85%
Қарыз / EBITDA		6,9	5,4	-1	79%
Қарыз / Меншікті капитал		1,3	0,9	-0	68%
Танкерлік флоттың салмағы	тонна	294 220	304 220	10 000	103,4%

Мұнай тасымалының меншікті өзіндік құнының көрсеткішінен басқа белгіленген НҚК бүкіл көрсеткіштерінің орындалуы байқалуда. Меншікті өзіндік құнының ұлғаюы екінші тоқсаннан бастап Қара теңіз арқылы жоспарланған мұнайды меншікті танкерлердің орнына жалға алынған флотпен тасымалдаудан болды. Осының нәтижесінде өзіндік құнның ұлғаюымен қоса меншікті құны ұлғайды. Сонымен қатар, 2011 жыл бойы Қара теңіздегі жүктер базасы бірқатар проблемаларды тудырып, бұл өз алдына инвестициялық жобаны іске асыру мерзімін кейінге қалдыруға себепші болды.

9.4. Күрделі қаржы жұмсалымы

Күрделі қаржы жұмсалымының 2011 жылғы жоспарын орындау **15 977 423** мың теңгені немесе жоспардың 88%-ын (18 085 739 мың теңге) құрады.

мың теңге

№	Жоба атауы	2010 жыл	2011 жыл		ауытқу	% орынд.
		Нақты	Жоспар	Нақты		
1	Барлығы күрделі қаржы жұмсалымы	6 472 611	18 085 739	15 977 423	-2 108 316	88%
1	Өндірістік сипатындағы	5 051 407	16 590 000	15 284 117	-1 305 883	92%
1.1.	Инвестициялық жобалар, соның ішінде	5 051 407	16 590 000	15 284 117	-1 305 883	92%
1.1.1	Сауда флотының құрылысы	5 051 407	16 590 000	15 284 117	-1 305 883	92%
2	Ағымдағы қызметті күтіп ұстау, соның ішінде	1 220 677	580 041	565 736	-14 305	98%
2.1	Сауда флотының құрылысы	930 172	261 588	332 820	71 232	127%
2.2	Теңіз операцияларын қолдау флотының құрылысы	85 625	309 366	229 451	-79 915	74%
2.3	Теңіз операцияларын қолдау базасының құрылысы	204 881	9 087	3 465	-5 622	38%
3	Әкімшілік сипатындағы және өндірістік емес салаға	200 528	915 699	127 570	-788 129	14%

№	Жоба атауы	2010 жыл	2011 жыл		ауытқу	% орынд.
		Нақты	Жоспар	Нақты		
3.1	Негізгі жабдықтарды және МЕА сатып алу	200 528	915 699	127 570	-788 129	14%

Сауда флотының құрылысы

«Сауда флотының құрылысы» жобасы бойынша жоспарды игеру 15 616 937 мың теңгені немесе жоспардың 93%-ын құрады. Бұл шамамен 1,2 млрд. теңгеге «Афрамекс» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу жобасы бойынша үнемдеуден болды.

ТОҚФ құрылысы

«Теңіз операцияларын қолдау флотының құрылысы» жобасы бойынша жоспардың 74%-ы игерілді. 2011 жылы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚКҚ» АҚ мен «Волга-Каспий Кеме жөндеу зауыты» АҚ арасында жасақан шартқа сәйкес теңіз сүйреткіштеріне және баржаларға күрделі жөндеу жүргізілді. Негізгі жабдықтарды сатып алу бойынша жоспарды толықтай игермеу сүңгуір тобы үшін барокамераны және жалпы сомасы 106,5 млн.теңгеге автообильді сатып алудан бас тарту себептен болды. Қашағанды игерудің екінші фазасын іске асырудың белгіленген мерзімдерінің кейінге қалдырылуына орай, сондай-ақ жұмыс көлемдерінің жаппай төмендеуін ескере отырып, ҚТКФ басшылығы осы қалыптасқан жағдайларда сүңгуір кешенін сатып алу орынсыз деп шешті.

ТОҚБ құрылысы

«ТОҚБ құрылысы» жобасы бойынша жоспарды игеру мөлшері 3 465 мың теңгені немесе жоспар көрсеткішінің 38%-ын құрады. Өндірістік қажеттілік өзгерістерін, Сервистік келісімнің әрекет ету мерзімінің ұзартылмауын ескере отырып, негізгі жабдықтарды сатып алу қажеттілігі қайта қаралды.

Әлеуметтік және өндірістік емес сипатындағы күрделі қаржы жұмсалымы.

Негізгі жабдықтарды және әкімшілік сипатындағы материалдық емес активтерді сатып алу бойынша жоспарды игеру 127 570 мың теңгені немесе жоспардың 14%-ын құрады.

Жоспар бойынша 716 625 мың теңгені игеру жағдайында жоспар толықтай орындалмады. Ол кеңсе орын-жайының құрылысын салудың жобалау-сметалық құжаттамасын ҚР мемлекеттік органдарына бекітуге берумен кешіктірілді. Бүгінде ПСД әзірленіп, бекітілгенмен және ашық тендердің құрылыс жүргізуге екі мәрте жарияланғанымен аталмыш тендердің өткізілмеді деп танылуына байланысты жаңа тендер 2012 жылы жарияланады.

Басқарушылық есептілік жүйесі бойынша жылдық жоспар 131 000 мың теңгені құрады. Өткізілген тендерлердің қорытындылары және есеп беру кезеңінде жеңілдіктерге ие болу нәтижесінде 75 млн теңге игерілді.

10. САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі №1006 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының көліктік инфрақұрылымын

дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасына, сондай-ақ ҚР Үкіметі кеңейтілген отырысының 2011 жылғы 17 сәуірдегі №01-7.4 хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының 2016 жылы сауда, көлік және іскер хаба өңір ретінде танылуын қамтамасыз ету міндеті белгіленіп отыр.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.К.Мәсімовтің төрағалық етуімен өткізілген отырыстың 2011 жылғы 4 мамырдағы №007-946, 07-133 хаттамаларына сәйкес біріктірілген логистикалық оператордың міндеттері, сондай-ақ логистикалық қызметтердің толық спектрін ұсыну міндеті «Қазақстан Темір Жолы» АҚ (бұдан әрі – ҚТЖ) жүктелді.

2012 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ және ҚТКФ Ынтымақтастық келісіміне қол қойды. Осы келісімнің мақсаты «ТЕҢІЗ-ҚҰРЛЫҚ» біріктірілген көліктік-логистикалық өнімді құру мәселесі бойынша өзара ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы жүк ағынын қалыптастыратын мемлекет бола отырып өзінің геосаяси жағдайына қарай транзиттік мемлекет ретінде артықшылық жағдайға ие болатындығы сөзсіз. Қазақстан Республикасының экспорттық және транзиттік жүктері – мұнай мен мұнай өнімдерін, құрғақ жүктерді (металл, астық, контейнерлер және т.б.) Қазақстан Республикасының аумағынан тасымалдау көлемдерінің жоспарлы өсуі келешекте ҚТКФ дамуына оңды ықпалын тигізеді.

11. БИЗНЕС ГЕОГРАФИЯСЫН КЕҢЕЙТУ

ҚТКФ стратегиялық мақсаттарына сәйкес бизнес ауқымын және оның георграфиясын кеңейтуді жоспарлайды.

- Қазақстан Республикасының атынан теңіз арқылы тасымалдаудың қатысушысы және теңіз кемелерінің операторы ретінде транскаспий мұнай тасымалдаудың ККТС және Қазақстан-Иран жаңа жобаларын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу;
- Қара, Жерорта және Балтық теңіздерінің порттары арқылы әлемдік нарыққа «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиісті ресурстарды өз күшімен тасымалдау үшін «Aframax» типтес кемелердің жаңа сериясын сатып алу;
- құрғақ жүктерді таситын кемелер арқылы Басты жүктерді (металл, астық, контейнерлер, жабдықтар және т.б.) теңіз арқылы тасымалдауды жүзеге асыру және Каспий теңізі бойынша Қазақстан Республикасының порттарынан құрғақ жүктерді тасымалдаудың ½ көлемін қамтамасыз ету;
- сығылған көмірсутекті газ, халық тұтыну тауарлары және мұнай өнімдері сияқты жүктердің экспорттық және импорттық тасымалын ұйымдастырудың қосымша мүмкіндіктерін беретін жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру.

12. КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Тәуекелді басқару жөніндегі бағдарламасы «ҚазМұнайГаз» ҚК» АҚ Компаниялар тобының Тәуекелді басқару жөніндегі корпоративтік бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Тәуекелді басқару жүйесін қолданысқа енгізу және оны одан әрі жетілдіру бойынша қолға алынған жұмыс ҚТКФ Директорлар Кеңесімен бекітілген ҚТКФ Корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі 2011-2012 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып, сондай-ақ Бас директорымен, ҚТКФ Басқармасымен, ҚТКФ Директорлар Кеңесімен белгіленген міндеттер мен талаптардың негізінде ойдағыдай іске асырылуда.

2011 жылы Ішкі бақылау және тәуекелді басқару қызметімен (бұдан әрі – ІБжәнеТБҚ) мына құжаттар әзірленіп, бекітілді:

- 1) Тәуекел жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереже;
- 2) Сақтандыру арқылы қорғау ережесі;
- 3) ҚТКФ 2011 жылға арналған Тәуекел тізімі және Тәуекелді мейлінше азайту жөніндегі жоспары.

Тәуекел жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереже тәуекелді басқару процесімен байланысты материалдарды кейіннен оны ҚТКФ Басқармасы мен Директорлар Кеңесінің отырысында пысықтау үшін алдын ала мақұлдау рәсімін айқындайды, сондай-ақ Тәуекел жөніндегі комитет мүшелерінің құрамын және олардың жауапкершілігін белгілейді.

2011 жылы тәуекел жөніндегі комитеттің бір отырысы өткізіліп, мұнда есеп учаскелері мен ҚТКФ есептілігін әзірлеу процестері бойынша Тәуекел-бақылау матрицасын алдын ала мақұлдау мәселесі пысықталды. Тәуекел-бақылау матрицасы ҚТКФ Басқармасының хаттамалық шешімімен (№21 хаттама) бекітілді.

Сақтандыру арқылы қорғау ережесі ҚТКФ сақтандыру арқылы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша процестерді регламенттеу мақсатында әзірленді. Тәуекелді сақтандыру шарттары екі категорияға бөлінді, 1) шарт сомасы 1 млн. АҚШ долларынан жоғары өз еркімен сақтандыру және 2) міндетті сақтандыру, сондай-ақ шарт сомасы 1 млн. АҚШ долларынан төмен өз еркімен сақтандыру. 2) тармақ бойынша шарттар ҚТКФ ішкі рәсімдеріне сәйкес жасасады, 1) тармақ бойынша жасасқан шарттарға қатысты сақтандыру қажеттілігі оны Жалғыз акционермен бірлесе талдау және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сақтандыру бағдарламасының қатысушысы болып табылған жағдайда ғана сақтандырудың тиімді жағдайларын айқындау мүмкіндігіне ие болу үшін алдын ала пысықталуға тиіс.

ҚТКФ 2011 жылға арналған Тәуекел тізімінде және Тәуекелді мейлінше азайту жөніндегі жоспарда инвестициялық жобалар бойынша тәуекелді қоса алғанда, ҚТКФ негізгі тәуекелі сәйкестендірілді, сондай-ақ осы тәуекелді мейлінше азайту үшін қажетті іс-шаралар айқындалды. 2012 жылдан бастап осы тәуекел тізімі және тәуекелді мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары тұрақты негізде актуалдандырылмақ.

ҚТКФ ӘБжәнеТБҚ тәуекелді басқару саласындағы әдістемелік және рәсімдік базасын қалыптастыру және оны одан әрі жетілдіру бойынша қолға алынған жұмысты одан әрі жалғастыруды жоспарлайды. Ақтуалдандырылуға тиіс құжаттармен қоса ӘБжәне ТБҚ 2012 жылғы екінші тоқсанда мына құжаттарды бекітуді жоспарлайды:

- Тәуекелді басқару саясаты;
- Ішкі бақылау жүйесінің саясаты;
- Тәуекелді басқару процесін ұйымдастыру ережесі;
- Баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша банк-контрагенттерге лимиттерді белгілеу жөніндегі ереже мен жұмыс нұсқаулығы;
- Корпоративтік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі ереже мен жұмыс нұсқаулығы;
- Мемлекеттік лимитті белгілеу жөніндегі ереже мен жұмыс нұсқаулығы.

ІБжәне ТБҚ ҚТКФ Басқармасына және Директорлар Кеңесінің отырыстарына шығарылатын материалдарды келісу тәртібіне толықтыруларды енгізу мен шешім қабылдау процесіне, сондай-ақ шарттарды келісу процесіне қатысады. ІБжәне ТБҚ шарттарды келісуге қатысуы шарттарды белгіленген ішкі рәсімдерді, ҚТКФ Жарғысын және ҚР Заңнамасын бұзушылықпен жасасу тәуекелін төмендетеді. 2011 жылы ҚТКФ Басқармасы мен Директорлар Кеңесімен мақұлданбаған мәмілелер ретінде мүдделі тұлғалармен шарттарды жасасу жағдайында тәуекелді сәйкестендіруге көңіл бөлінді.

ІБжәне ТБҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ әзірленген үлгілік нысан бойынша қаржы тәуекелі жөніндегі есептемені Жалғыз акционерге тоқсан сайын беріп отырады. 2011 жылғы ақпанда ІБжәне ТБҚ Жалғыз акционердің сұранысы негізінде инвестициялық жобалардағы тәуекел туралы ақпарат берілді. Инвестициялық жобалардағы тәуекел туралы ақпарат Жалғыз акционермен белгіленген үлгілік нысанға сәйкес беріліп, мұнда іске асырылған тәуекел, сәйкестендірілген тәуекел (жаңа) бойынша деректер және тиісінше тәуекелді басқару шаралары көрсетілді.

Тәуекелді басқару жүйесі толассыз процесс болып табылатындығын назарға ала отырып, ҚТКФ тәуекелін мейлінше азайту үшін қолданылуы мүмкін (оның ішінде whistle blowing тетігін қолдану) деректерді жинау үшін автоматтандырылған программалық жасауды (бұдан әрі – АПЖ) сатып алу мүмкіндігі пысықталуда. Осы орайда АПЖ қаржы тәуекелі мен басқадай тәуекел бойынша деректерді жинау тетігі ретінде қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, АПЖ тәуекел бойынша лимиттерді автоматты түрде айқындау және тиісінше лимиттерді өзінің белгіленген мөлшерінен асыра пайдаланылуына мониторингі жүргізу тетігі ретінде қолданылуы мүмкін. Қалыптасқан тәуекелге жүйелі мониторингі жүргізу және ҚТКФ жаңа тәуекелін сәйкестендіру негізінде іске асырылатын, қаперге алынатын және мейлінше азайтылатын тәуекел бойынша тарихи деректер базасы қалыптастырылмақ.

13. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2011 жылы ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша қолға алынған жұмыс өз жалғасын тапты.

ҚТКФ бойынша корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі мақсаты ҚТКФ капиталдандыру жағдайының тұрақты өсуі және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

Корпоративтік басқару органдары

ҚТКФ корпоративтік басқару органдары:

- Жалғыз акционер – жоғары орган;
- Директорлар Кеңесі – ҚТКФ қызметіне жалпы басшылық ететін және қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқарушы орган;
- Басқарма – ҚТКФ міндеттері мен стратегиясын іске асыру мақсатында ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылық ететін алқалық атқарушы орган.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша алынатын шаралар

ҚТКФ корпоративтік басқаруды ҚТКФ қызметінің тиімділігін арттыратын, оның беделін күшейтетін және капиталды тартуға жұмсалатын шығындарды азайтатын құрал ретінде бағалайды.

ҚТКФ бойынша корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі мақсаты ҚТКФ капиталдандырудың тұрақты өсуі және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

2011 жылғы наурызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметімен ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесіне диагностика жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша 2011-2012 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді және ҚТКФ Директорлар Кеңесінің деңгейінде бекітілді.

Жоспарға сәйкес корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік дауларды реттеу, іскерлік этика, тәуекелді басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекіту көздестірілді. Сондай-ақ, осы жоспармен Директорлар Кеңесімен корпоративтік басқару процестерінің даму қарқындылығын, атап айтқанда мирасқорлық жағдайын, ақпаратты, тәуекелді басқару жүйесін жария етуді, ҚТКФ қызметінің нәтижелерін осыған ұқсас шетелдік компаниялармен салыстыруды жоспарлау мүмкіндігін беретін талдамалық сипатқа ие бірқатар іс-шаралар жоспарланды.

Аталмыш жоспармен ашықтықты, оның ішінде ресми веб-сайтта лауазымды тұлғалар мен оларды сыйақылау мөлшері туралы ақпаратты, Директорлар Кеңесі туралы есептемені, тұрақты дамуы саласында есептемені және б.ө. жария етуге бағытталған іс-шаралар көздестірілді.

Осы Жоспарды іске асыру ҚТКФ корпоративтік басқару деңгейін арттыру мүмкіндігін береді. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің (ҚР-сы Үкіметінің 2011 жылғы 08 қыркүйектегі №1027 қаулысы) тапсырмасын орындау мақсатында әзірленіп, бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағыныста тұрған ұйымдарының акциялар пакетін бағалы

қағаздар нарығына шығару бағдарламасын ісе асыру үшін аса маңызды әрі қажетті болып отыр.

Атап көрсетілген бағдарламаға сәйкес ҚТКФ 2013 жылға шығарылуы жоспарланып отырған бағалы қағаздардың отандық нарығына (Халықтық IPO) бастапқы акцияларды орналастыру үшін ұсынылған кандидат-компаниялардың екінші тобына енгізілді.

13.1. Басқару құрылымы

ҚТКФ өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және қызметін реттейтін ікі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

ЖОҒАРЫ ОРГАНЫ: ҚТКФ Жалғыз акционері

БАСҚАРУШЫ ОРГАН: ҚТКФ Директорлар Кеңесі

АТҚАРУШЫ ОРГАН: ҚТКФ Басқармасы

ҚТКФ Жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

13.2. Директорлар Кеңесі

Директорлар Кеңесі – ҚТКФ стратегиясын әзірлеу, қызметіне жалпы басшылық ету және ҚТКФ Басқармасының қызметін бақылау үшін жауапты басқарушы орган.

Директорлар Кеңесі ҚТКФ стратегиялық мақсаттарын, дамуының басым бағыттарын айқындайды және ұзақ мерзімді перспективаға арналған қызметінің негізгі бағдарын белгілейді, өз алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті қаржы мен адам ресурстарын қамтамасыз етеді.

2011 жыл ішінде ҚТКФ Директорлар Кеңесінің құрамы өзгермеді және оның құрамында Төраға, Директорлар Кеңесінің бес мүшесі, соның ішінде екі Тәуелсіз директор болды.

2011 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайына Директорлар Кеңесінің құрамына кірген адамдар туралы мәлімет

ҚТКФ Директорлар Кеңесінің Төрағасы:

Шманов Нұртас Нұрибекұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директор (Басқарма мүшесі) – Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші

ҚТКФ Директорлар Кеңесінің мүшелері:

Дарбаев Арман Амангелдіұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай тасымалдау жобалары жөніндегі бас менеджер - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші

Қасымбек Ардақ Махмұдұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі бас менеджер - Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші

Кжелл Ландин «Landin Marine Advisory AB» компаниясы - тәуелсіз директор;

Томас Ламнидис KLC Заң фирмасының аға серіктесі және

Вице-президенті;

Орманов Марат Көшкінбайұлы ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

Тәуелсіз директорлардың кандидатураларын таңдау кезінде мынадай критерийлерге назар бөлінді, ең алдымен:

1) кандидаттың тағайындалу сәтінде және директорлар кеңесіне тағайындалмастан бұрын үш жыл ішінде ҚТКФ үлестес тұлғасы болмауы (ҚТКФ тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);

2) кандидаттың ҚТКФ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болмауы;

3) кандидаттың ҚТКФ лауазымды тұлғаларының немесе ҚТКФ үлестес тұлғалары ретінде оның ұйымдарының бағынысында болмауы және директорлар кеңесіне тағайындалмастан бұрын үш жыл ішінде осы адамдардың бағынысында болмауы;

4) кандидаттың мемлекеттік қызметші болмауы;

5) кандидаттың ҚТКФ аудитору болмауы және директорлар кеңесіне тағайындалмастан бұрын үш жыл ішінде аудитор болмауы;

б) кандидаттың аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде ҚТКФ аудитіне қатыспауы және директорлар кеңесіне тағайындалмастан бұрын үш жыл ішінде осы сияқты аудитке қатыспауы.

Директорлар Кеңесінің отырыстары тұрақты негізде қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2011 жыл бойынша Директор Кеңесінің 13 отырысы, оның ішінде бетпе-бет дауыс беру арқылы - сегіз отырыс және сырттай дауыс беру арқылы - бес отырыс өткізілді.

2009-2011 жылдар бойынша Директорлар Кеңесі жұмысының салыстырмалы деректері

	2009 жыл			2010 жыл			2011 жыл		
	бетпе-бет	сырттай	барлығы	бетпе-бет	сырттай	барлығы	бетпе-бет	сырттай	барлығы
Директорлар Кеңесі отырыстарының саны	4	8	12	6	3	9	8	5	13
арасалмағы, %	33,3	66,7	100	66,7	33,3	100	61,5	38,5	100
Пысықталған мәселелер саны	28	17	45	33	7	40	41	8	49
арасалмағы, %	62,2	37,8	100	82,5	17,5	100	83,7	16,3	100

2010 жылдан бастап Директорлар Кеңесінің отырыстары көбінесе бетпе-бет тәртіппен өткізіліп отыратындықтан, пысықталған мәселелердің саны жыл сайын азайып келеді.

2011 жылдың ішінде Директорлар Кеңесімен өзгесінен басқа мынадай мәселелер пысықталды:

- ҚТКФ дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын бекіту (2020 жылға дейін);
- ҚТКФ 2011-2015 жылдар кезеңіне арналған ЕБҰ қатысты Дивидендтік саясатын бекіту;

- «Aframax» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу бойынша ірі мәмілелерді жасасу;
- ҚТКФ міндеттемелерін «Aframax» типтес екі мұнай құю танкерін сатып алу сомасына ұлғайту;
- «Altai Shipping ltd» және «Alatau Shipping ltd» компанияларын құруға қатысу;
- ҚТКФ мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өзара іс-қимылы;
- ҚТКФ алдыңғы жылғы шоғырландырма қаржы есептілігін және жылдық есептемесін алдын ала бекіту;
- Жалғыз акционерге ҚТКФ есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін белгілеу және бір жай акцияға есептелген дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстарын беру;
- ҚТКФ Директорлар Кеңесі мен Басқармасының жоспарын және есептемесін пысықтау;
- ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша 2011-2012 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын бекіту;
- ҚТКФ қызметінің кірістері мен тиімділігін арттыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту;
- ҚТКФ мүдделігі танытылған мәмілелерді жасасу;
- еншілес ұйымдар мен бағыныста тұрған қоғамдардың жоғары органдарының құзыретіне жататын мәселелер;
- 2010 жылғы ҚТКФ қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне қолжетімді болудың қорытынды нәтижелері;
- Басқарма мүшелерін сайлау;
- Кадр мәселесі.

13.3. Директорлар Кеңесінің комитеттері

2011 жылы Директорлар Кеңесінің мынадай комитеттері өз жұмысын жалғастырды:

- сыйақылау жөніндегі;
- тағайындау жөніндегі.

Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі Директорлар Кеңесінің мүшелері ретінде белгіленген өзінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

Сыйақылау жөніндегі комитет

Сыйақылау жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереженің 12-тармағына сәйкес Комитет құрамында үш Директор болады, оның екеуі Тәуелсіз директор болып табылады. Сондай-ақ, Сыйақылау жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереженің 13-тармағына сәйкес Басқарма төрағасы Сыйақылау жөніндегі комитет мүшесі бола алмайды.

Сыйақылау жөніндегі комитет мүшелері:

Т. Ламнидис - төраға;

К. Ландин және А.М. Касымбек – мүшелері.

Сыйақылау жөніндегі комитет – Директорлар Кеңесінің консультативтік-кеңесші органы. Сыйақылау жөніндегі комитетпен әзірленген бүкіл ұсыныстар Директорлар Кеңесінің қарауына берілуге тиіс ұсынымдар болып табылады.

Сыйақылау жөніндегі комитет төмендегі мәселелер жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу және оны Директорлар Кеңесінің қарауына беру үшін құрылды:

- ҚТКФ мақсаттарына, міндеттеріне және ағымдағы жағдайына, қызметінің түрі мен ауқымына қарай осыған ұқсас компанияларда көзделген сыйақылау деңгейіне сәйкес Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу;

- Директорлар Кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін және Корпоративтік хатшыны сыйақылаудың құрылымдалған ашық жүйесін қолданысқа енгізу.

Сыйақылау жөніндегі комитеттің

2011 жылғы қызметі

2011 жылы Комитеттің екі отырысы өткізілді, мұнда мынадай мәселелер пысықталды:

- Комитеттің 2010 жылғы қызметі туралы есептемені әзірлеу;
- Комитеттің 2011 жылға арналған Отырыс жоспарын пысықтау;
- ҚТКФ Басқармасына мүше болып сайланатын кандидаттардың лауазымдық қызметтақысының мөлшері, еңбекке ақы төлеу мен оларға сыйлықақы беру жағдайлары туралы;
- ҚТКФ корпоративтік хатшысына 2010 жылғы төртінші тоқсан мен 2011 жылғы бірінші тоқсан үшін сыйлықақы беру туралы.

Комитетпен әзірленген ұсынымдар ҚТКФ Директорлар Кеңесінің қарауына кейіннен шығарылады және тиісті шешімдерді қабылдау кезінде назарға алынады.

Тағайындау жөніндегі комитет

Тағайындау жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереженің 11-тармағына сәйкес Комитет құрамында үш Директор болады, оның екеуі Тәуелсіз директор болып табылады. Сондай-ақ, Тағайындау жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереженің 12-тармағына сәйкес Басқарма төрағасы Тағайындау жөніндегі комитет мүшесі бола алмайды.

Тағайындау жөніндегі комитет мүшелері:

К. Ландин - төраға;

Т. Ламнидис және А.А. Дарбаев – мүшелері.

Тағайындау жөніндегі комитет - Директорлар Кеңесінің консультативтік-кеңесші органы. Тағайындау жөніндегі комитетпен әзірленген бүкіл ұсыныстар Директорлар Кеңесінің қарауына берілуге тиіс ұсынымдар болып табылады.

Тағайындау жөніндегі комитет ҚТКФ ішкі құжаттарын есепке ала отырып, Тәуелсіз директорлардың кандидатураларын, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны сайлау немесе тағайындау жөніндегі ұсынымдарын әзірлеу мен оны Директорлар Кеңесінің қарауына беру мақсатында құрылды.

Тағайындау жөніндегі комитеттің 2011 жылғы қызметі

2011 жылы Комитеттің екі отырысы өткізілді, оны өткізу барысында мынадай мәселелер пысықталды:

- Комитеттің 2011 жылғы қызметі туралы есептемені әзірлеу;
- Комитеттің 2011 жылғы Отырыс жоспарын пысықтау;

- ҚТКФ Басқармасының мүшелігіне Алтынай Төленегқызы Уәлиеваның кандидатурасын пысықтау;
- ҚТКФ Басқармасының мүшелігіне Серікқали Көпшілбайұлы Бимырзаевтың кандидатурасын пысықтау және мақұлдау;
- ҚТКФ Теңізде жүзу қауіпсіздігі және флотты техникалық пайдалану жөніндегі басқарушы директорының қызметіне ұсынылған Евгений Леонидович Гецевичтің кандидатурасын пысықтау және мақұлдау.

Комитетпен әзірленген ұсынымдар ҚТКФ Директорлар Кеңесінің қарауына кейіннен шығарылады және тиісті шешімдерді қабылдау кезінде назарға алынады.

Комитет отырыстарын қатысқан Комитет мүшелері туралы мәлімет

Орган атауы	Отырыс № және күні	Отырыс нысаны	А.А.Дарбаев	А.М.Қасымбек	Томас Ламнидис	Кжелл Ландин
Сыйақылау жөніндегі комитет	01-11/КВ 24.02.11 ж.	бетпе-бет		қатысты	қатысты	қатысты (мәжіліс байланыс)
	02-11/КВ 10.05.11ж.	бетпе-бет		қатысты	қатысты	қатысты (мәжіліс байланыс)
<i>Қатысу жағдайы:</i>				100%	100%	100%
Тағайындау жөніндегі комитет	01-11/КН 24.02.11 ж.	бетпе-бет	қатысты		қатысты	қатысты (мәжіліс байланыс)
	02-11/КН 08.04.11ж.	сырттай	қатысты		қатысты	қатысты
<i>Қатысу жағдайы:</i>			100%		100%	100%

Директорлар Кеңесінің мүшелерін сыйақылау

Сыйақы Тәуелсіз директорларға ғана төленеді. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және олардың шығыстарының өтемақысын жүргізу жағдайлары мен тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (Жалғыз акционер, 14.04.2011 жылғы №55 хаттама) Басқармасының шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және олардың шығыстарының өтемақысын жүргізу ережесімен айқындалады.

Корпоративтік басқарудың қолданыстағы практикасына сәйкес ҚТКФ сыйақылаудың негізгі нысандары ретінде мыналарды қолданады:

- Жалғыз акционермен бекітілген бір жылғы 15 000 (Он бес мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі сыйақы;
- ҚТКФ Директорлар Кеңесінің әрбір директорына төленетін қосымша сыйақы;
- Комитет мүшесі ретінде бетпе-бет тәртіппен өткізілген Комитеттің әрбір отырысына қатысқаны үшін 1 000 (Бір мың) АҚШ доллары;
- Комитет төрағасы ретінде бетпе-бет тәртіппен өткізілген Комитеттің әрбір отырысына қатысқаны үшін 2 000 (Екі мың) АҚШ доллары;

Тәуелсіз директордың науқастануына, іссапар мен еңбек демалысында болуына байланысты оның бетпе-бет тәртіппен өткізілген отырыстарға қатыспаған жағдайларын қоспағанда, ол есеп беру кезеңі ішінде Директорлар Кеңесінің бүкіл

бетпе-бет және сырттай өткізілген отырыстарының кем дегенде тең жартысына қатыспаған жағдайында, оған бекітілген сыйақы төленбейді.

2011 жылғы 31 желтоқсанда Тәуелсіз директорларға аяқталған жыл бойынша есептелген сыйақылаудың жалпы сомасы төмендегі Кестеде көрсетілді:

<i>Т.А.Ә.а</i>	<i>Жылдық бекітілген сыйақы, мың USD</i>	<i>Комитет отырыстарын Комитет мүшесі ретінде жеке қатысуы, мың USD</i>	<i>Комитет отырыстарын Комитет төрағасы ретінде жеке қатысуы, мың USD</i>	<i>Барлығы 2011 жыл бойынша (салықтарды шегеруден қалған), мың USD</i>
<i>Томас Ламнидис</i>	<i>15</i>	<i>1</i>	<i>4</i>	<i>20</i>
<i>Кжелл Ландин</i>	<i>15</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>15</i>
<i>Барлығы</i>	<i>30</i>	<i>1</i>	<i>4</i>	<i>35</i>

2011 жылғы жұмысы үшін Тәуелсіз директорларға төленген сыйақы:

- Томас Ламнидиске – 20 000 АҚШ доллары, оның ішінде Төраға ретінде Сыйақылау жөніндегі Комитеттің бетпе-бет тәртіппен өткізілген екі отырысына және Комитет мүшесі ретінде Комитеттің бір отырысына қатысқаны үшін 15 000 АҚШ доллары бекітілген және 5 000 АҚШ доллары қосымша;

- Кжелл Ландинге – сыйақылаудың бекітілген бөлігі ретінде 15 000 АҚШ доллары, бетпе-бет тәртіппен өткізілген Директорлар Кеңесінің отырыстарына қатыспауына байланысты қосымша сыйақы төленбеді.

Директорлар Кеңесінің қалған мүшелеріне Директорлар Кеңесінің мүшелері ретінде сыйақы төленбейді.

13.4. Басқарма

Басқарма – ҚТКФ қызметіне ағымдағы басшылық ету үшін жауапты атқарушы орган.

Басқарма қызметі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) атынан Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидаяты негізінде құрылды және ол оның шешімдері мен ҚТКФ Директорлар Кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді.

2011 жылы ҚТКФ Басқармасының құрамында бірқатар өзгерістер болды. Осылайша, ҚТКФ Директорлар Кеңесінің 24.02.2011 жылғы хаттамалық шешіміне (№ 03-11/ДК хаттама) сәйкес Басқарма мүшесі Е.И.Мигулиннің өкілеттігі тоқтатылды және Басқарманың жаңа мүшелері ретінде – Серікқали Көпшілбайұлы Бимырзаев пен Алтынай Төлегенқызы Уәлива сайланды.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы мен ҚТКФ Басқармасы туралы Қағидалық ереже негізінде жүзеге асырады.

2011 жылғы кезең ішінде ҚТКФ Басқармасының 21 отырысы өткізіліп, дауыс беруге 92 мәселе шығарылды, оның 90 мәселесі бекітіліп, 2 мәселесі қосымша пысықтау үшін Күн тәртібінен алынып тасталды.

2011 жылы ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төленбеді.

2011 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайы бойынша

Басқарма құрамындағы адамдар туралы мәлімет

Басқарма төрағасы (Бас директор):

- Марат Көшкінбайұлы Орманов

Басқарма мүшелері:

1) Коммерциялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі басқарушы директор – Серік Айдарұлы Ішманов;

2) Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Абзал Төлеубекұлы Мұқашев;

3) Заң департаментінің директоры – Венера Ісембайқызы Дінбаева;

4) ҚТКФ Астана қаласындағы Өкілдігінің директоры - Алтынай Төлегенқызы Уәлиева;

5) Флотты техникалық дамыту департаментінің директоры – Серікқали Көпшілбайұлы Бимырзаев.

2011 жылы Басқармамен өзгесінен басқа мынадай мәселелер пысықталды:

- ҚТКФ ішкі құжаттарын бекіту не болмаса мақұлдау;
- Жасасуында ҚТКФ мүдделігі танытылған мәмілелерді жасасу;
- Өзге мәмілелерді жасасу;
- Ірі мәмілелерді мақұлдау;
- Қайырымдылық көмек көрсету;
- ҚТКФ жоғары органдарының құзыретіне жататын мәселелерді мақұлдау;
- Басқарманың Жұмыс жоспарын бекіту;
- Кадр мәселесі;
- Еншілес ұйымдар және бағыныста тұрған қоғамдардың қызметі жөніндегі мәселелер;
- ҚТКФ ағымдағы қызметінің өзге мәселелері.

13.5. Компанияның орталық аппаратының құрылымы

Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қолжетімді болу, активтерді тиімді басқару үшін ҚТКФ құрылымдық бөлімшелері арасында жауапкершілікті және өкілеттік ету міндеттерін тиімді бөлуді қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ Директорлар Кеңесінің 2011 жылғы 03 шілдедегі шешімімен (№08-11/ДК хаттама) ҚТКФ орталық аппаратының жаңа құрылымы (бұдан әрі – Құрылым) бекітілді. Құрылымға өзгерістер енгізу жағдайында мына қызметтер қысқартылды:

- Даму жөніндегі басқарушы директор;
- Коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;
- Бас инженер.

Мына департаменттер қысқартылды:

- Флотты дамыту департаменті;
- Қаржы және активтерді басқару департаменті.

Мына қызметтер енгізілді:

- Жағалау инфрақұрылымы жөніндегі басқарушы директор;
- Коммерциялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі басқарушы директор.

Мына құрылымдық бөлімшелер құрылды:

- Флотты стратегиялық дамыту департаменті;
- Корпоративтік қаржыландыру департаменті;
- Инвестициялық жобалар және мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі департамент;
- Астана қаласындағы Өкілдіктің қызметін қамтамасыз ету тобы.

Жағалау инфрақұрылымы жөніндегі басқарушы директор қызметі теңіз құрылыстарының құрылысын салу үшін тас түрлерін тасымалдаумен байланысты ұсынылатын сервистік қызмет көрсетулер бойынша ҚТКФ қызметін тікелей бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ құрылыс жүргізудің техникалық тапсырмалары мен жобаларын түзіп жасау, ҚТКФ объектілерін жайғастыру, оның ағымдағы және күрделі жөндеуін жүргізу қажеттілігімен енгізілді.

Коммерциялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі басқарушы директор қызметі Коммерциялық департамент пен Флотты стратегиялық дамыту департаментінің қызметіне жалпы басшылық ету мен оны үйлестіруді жүзеге асыру, ҚТКФ дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу және оны іске асыру бойынша жұмысты үйлестіру және клиенттермен, серіктестермен өзара жасасқан шарттарға сәйкес негізгі қызметтен түсетін табыстың жоғары болуын қамтамасыз ету қажеттілігімен енгізілді.

Флотты стратегиялық дамыту департаментін құрудың негізгі міндеті ҚТКФ қызметінің келешектегі бағыттарын айқындау, ҚТКФ стратегиялық дамуының мақсаттарын әзірлеу мен оны қалыптастыру, жаңа жобалар бойынша келісім шарттарды, келісімдерді, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу және оларды келісу, сондай-ақ мақсатты нарықтың негізгі даму қарқындылығын зерделеу және талдау болып табылады.

Корпоративтік қаржыландыру департаменті қаржы институттарымен сауда және экспорттық жобаларды қаржыландыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау, кредиттік және корпоративтік рейтингіні белгілеу, бағалы қағаздарды шығару мен оларды орналастыру, сондай-ақ ҚТКФ инвестициялық жобаларды ұйымдастыру мен оларды қаржыландырудың бүкіл мәселелері бойынша қолдау көрсету қажеттілігімен құрылды.


Инвестициялық жобалар және мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі департамент ҚТКФ сыртқы қызметінің бағыттарын айқындау жағдайында тиісінше ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу, Инвестициялық саясатты қалыптастыру мен оны іске асыру, ҚТКФ қызметі бойынша мемлекеттік органдармен, отандық және халықаралық компаниялармен өзара іс-қимыл жасау, өзара ынтымақтастықты дамытуға қатысу, материалдық, қаржы, еңбек пен өзге ресурстарды тиімді пайдалануды арттыру жөніндегі тиісінше ұсынымдарды әзірлеуге қатысу қажеттілігімен құрылды.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының тапсырмасына (16.05.2011 жылғы №17 хаттама) сәйкес Сатып алулар және материалдық-

техникалық жабдықтау департаменті Бас директордың (Басқарма төрағасы) тікелей бағынысында болады. ҚТКФ Құрылымына енгізілген бүкіл өзгерістер Директорлар Кеңесінің шешімімен, №06-10/ДҚ хаттамасы бекітілген қызметкерлер құрамының адам санының шегінде жүргізілді.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ орталық аппаратының құрылымы

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2011 жылғы «03» шілдедегі шешімінің
№ 08-11/ДК хаттама
«БЕКІТІЛДІ»



14. КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАҒЫНЫСТА ТҰРҒАН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ МЕНШІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚТКФ тобының құрамына 100% үлеспен «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары), және ҚТКФ 30% қатысу үлесіме «Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС кіреді.

2011 жылғы 22 шілдеде «Aframax» типтес танкерлерді сатып алу жобасын іске асыру шеңберінде Маршалл аралдарының заңды хүкіміне ие «Altai Shipping Ltd» және «Alatau Shipping Ltd» 2 еншілес компания құрылды. Осы компаниялардың Жалғыз акционері акциялар пакетінің 100%-на ие «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ болып табылады. Осы екі компания ашық теңіз арқылы (Қара, Жерорта теңіздері) мұнай тасымалдау бойынша қызмет көрсетулерді ұсынады.

Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ р/н	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ құрылымындағы ұйымның атауы	Үлесі	Біріктірілген жағдайы	Біріктіру әдісі (қатысу үлесіне, құнына қарай толық, бара-бар)
1	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
2	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
3	«Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС	30%	иә	қатысу үлесімен
4	Altai Shipping Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ
5	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	ТОЛЫҚ

ҚТКФ активтері құрылымының құрамына мыналар кіреді:

1) **Сауда флоты:** меншікті мұнай құю танкерлері «АСТАНА», «АЛМАТЫ», «ТК АКТАУ» - қаржы лизингі, әрбіреуінің салмағы 12,000 тонна; салмағы 13 000 тонналық «АТЫРАУ», «АКТОБЕ», «ОРАЛ»; әрбіреуінің салмағы 110 000 тоннаға дейінгі ірі салмақты мұнай құю танкерлері «Alatau» және «Altai» – займ қаражаты есебінен сатып алынды.

2) **Теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ):** 13 бірлік – магистральдық сүйреткіштер «ҚТКФ-1», «Есіл», «Тобыл», «Орал», «Ертіс», жүккөтерімдігі 3 600 тонналық «КМГ» сериясындағы 8 баржа-алаңша;

3) **Инфрақұрылым объектілері:** тиісінше жер учаскесімен қоса Маңғыстау облысының Баутин поселкесінен 5 км қашықтықта орналасқан ҚТКФ меншігіндегі Теңіз операцияларын қолдау флотының базасы және 2005 жылы «ТеңізСервис» ЖШС меншігіне берілген және 2011 жылы ҚТКФ жалға алынып отырған «Мүліктік кешен»;

4) **өзге өндірістік объектілер:** 2004 жылғы 01 наурыздағы Жер қойнауын пайдаланудың №4 келісім шарты бойынша пайдалануға берілген «Айназар» тас түрлерінің кен орны.

15. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі бүкіл халықаралық конвенциялар мен кодекстерге, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен сыныптау қоғамдары ұсынған стандарттарға толықтай сәйкес келуге ұмтылу болып табылады. Осы қағидаттарды флотты басқарудың оңтайлы әдістерін пайдалану арқылы өзара сабақтастыра отырып ұстану ҚТКФ теңіз бизнесінде тиімді еңбек етуіне мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

15.1. Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті

Халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін менеджменттің біріктірілген жүйесін (сапа, экология, қауіпсіздік) ҚТКФ тұрақты дамуының алғышарты ретінде бағалаған жөн.

Қазақстан Республикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі Стратегиясына, сондай-ақ ҚР Премьер-министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы №28 өкімімен бекітілген қазақстандық кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға жеделдетіп өткізу бойынша Жұмыс жоспарына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ бойынша **Менеджменттің біріктірілген жүйесі** (бұдан әрі – МБЖ) қолданысқа енгізілді.

Сапа менеджментінің жүйесін (ИСО 9001 ХС), экологиялық менеджмент жүйесін (ИСО 14001 ХС), кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін (OHSAS 18001) қолданысқа енгізу ҚТКФ корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге ұмтылу, өз алдына қойған міндеттерді тиімді орындау, клиенттердің, ұсынылатын қызмет көрсетулерге соның ішінде теңізде жүзу қауіпсіздігі бойынша қызметтерге қатысты талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті көптеген бір-бірімен байланысты қызмет түрлерін іске асыру қажеттілігімен туындады.

Менеджменттің біріктірілген жүйесі шеңберінде ҚТКФ қызметінің негізгі процестерін регламенттеп, сипаттайтын мынадай құжатталған рәсімдері (ҚТКФ КСТ) әзірленді және актуалдандырылды:

- МБЖ жөніндегі нұсқау;
- МБЖ міндетті рәсімдері (құжаттарды, жазбаларды, ішкі аудитті, сәйкес келмеушіліктерді, түзетулерді енгізу мен сақтандыру әрекеттерін басқару ережесі);
- ҚТКФ бизнес – және бюджеттік жоспарлау ережесі;
- ҚТКФ бойынша өнімді, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды жүргізуді жоспарлау мен ұйымдастыру ережесі;
- активтерді басқаруды және т.б. айқындайтын құжаттар.

ҚТКФ сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Саясатын нақты айқындады:

- ҚТКФ өз алдына белгілеп отырған мақсаттарына қолжетімді болуы;
- Теңізде жүзу қауіпсіздігінің рөлін, жүктерді тасымалдау бойынша әлем нарығында ҚТКФ кемелерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

- бүкіл заңнамалық талаптарды, халықаралық стандарттар мен халықаралық конвенциялардың талаптарын сақтау.

ҚТКФ Бас директорының бұйрығына сәйкес Менеджменттің біріктірілген жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі тағайындалып, менеджменттің біріктірілген жүйесін жоспарлау, қалыптастыру, жұмысқа жарамды жай-күйінде күтіп ұстау саласында ҚТКФ қызметін айқындайтын Ішкі аудиторлар тобы құрылды.

Ішкі аудиторлар тобына: МБЖ жөніндегі басшылықтың өкілі, департаменттердің басшылары, бас менеджерлер, менеджерлер және т.б. кірді. Бүкіл аудиторлар «ИСО 9001 ХС, ИСО 14001 ХС және ОHSAS 18001 талаптары», «ISO 9001:2008 талаптарына сәйкес СМЖ ішкі аудиті» курсы бойынша даярлықтап өтіп, тиісті деңгейде оқытылды. Курс аяқталысымен оларға білімі және курсты ойдағыдай аяқтағаны туралы сертификаттар берілді.

2011 жылға арналған бекітілген ішкі аудитті жүргізудің кестесіне сәйкес ҚТКФ ішкі аудиторлар тобы ҚТКФ әкімшілік, өндірістік бөлімшелерінде және кемелерде Менеджменттің біріктірілген жүйесінің тексерістерін жүргізді.

2011 жылғы сәуірде ҚТКФ ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және ОHSAS 18001:2007 халықаралық талаптарына МБЖ сәйкес келуіне қадағалау (инспекциялық) бойынша тексерістен өтті.

Сертификаттау мынадай ҚТКФ қызмет түрлерінің аясына қатысты қолданылады:

шикі мұнайды теңіз көлігі арқылы тасымалдау жағдайында коммерциялық менеджмент, шикі мұнайды ауыстырып тиеу үшін порттағы айлақтарды пайдалануға беру, жүктерді портта экспедициялау, мұнай құю және басқадай кемелерді басқару, сүңгуір жұмыстары (кемелерді суасты куәландыру, суасты-техникалық жұмыстар, персоналмен және жабдықтармен жабдықталуына қарай теңіз қайраңында жүргізілетін жұмыстар), жүктерді теңіз көлігі арқылы тасып шығару, техникалық менеджмент және танкерлік флоттың теңізде жүзу қауіпсіздігі саласындағы менеджмент.

Өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің қарқынды дамуы мамандардың техникалық білім деңгейіне, программалық жасауға, нормативтік құжаттарға қатысты жыл сайын жаңа талаптар қоюда. Осылайша, оларды бүгінде қабылданып отырған критерийлерге сәйкес келуін мерзімді аттестаттау қажет етілуде. Осы орайда объективті және тәуелсіз баға беру персоналды сертификаттау арқылы қамтамасыз етілетіндігі сөзсіз. Осы ретте мамандарға қатысты талап қою және олардың сәйкестігіне баға беру тәртібін мемлекет емес, осыған бүкіл мүдделі тараптар белгілейді.

Талдау жүргізу және оның мақсаттары.

Ішкі Нормативтік Құжат ИСО 9001 ХС, ИСО 14001 ХС, ОHSAS 18001 сәйкес келуде белгіленген нормалар мен ережелер тұрғыдан менеджменттің біріктірілген жүйесін, белгіленген мақсаттарға қолжетімді болу және оны жасқарту үшін тиісті түзетулерді енгізетін шараларды қабылдау үшін менеджменттің біріктірілген жүйесінің жарамдылығын, баламалы және нәтижелі болуын талдау тәртібін белгілейді.

Осы орайда ҚТКФ Сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Стратегиялық мақсаттарды жыл сайын айқындап отырады. Менеджменттің біріктірілген жүйесіне өзгерістерді енгізу қажеттігіне баға беру МБЖ саласындағы мақсаттарға өзгерістерді енгізу қажеттілігімен байланысты болады.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Директорлар Кеңесінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі №04-11/ДК (хаттамаға қоса беріліп отырған 1 Қосымша) шешімімен бекітілген ҚТКФ дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясына сәйкес (2020 жылға дейін) ҚТКФ қажеттілігіне қарай «Әлеуметтік жауапкершілік» SA 8000 жаңа халықаралық стандартының талаптарын негізге ала отырып, 2012 жылға дейін әлеуметтік жауапкершілік менеджменті жүйесін және «Ақпараттық технологиялар – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері – Талаптар» ИСО/ИЕС 27001 жаңа халықаралық стандартының талаптарын негізге ала отырып, Ақпараттық қауіпсіздік менеджментінің жүйесін қолданысқа енгізуді жоспарлайды.

ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы №1100 қаулысымен бекітілген ҚР техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарының 25-тармағын орындау мақсатында ҚТКФ басшылығы КАЙДЗЕН, 6 сигм жобалық менеджменті және т.б. сияқты жаңа басқарушылық технологияларды қолданысқа енгізу мәселесін пысықтауда. МБЖ 2012 жылға арналған жоспарында ҚТКФ қызметкерлерін басқарушылық технологиялар жөніндегі курстарда (КАЙДЗЕН, 6 сигм жобалық менеджменті және т.б.) оқыту жағдайы көздестіріліп отыр.

15.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесі

2006 жылдан бастап ҚТКФ бойынша Ресей Теңіз Кеме Тіркелімі (РТКТ) тарапынан мақұлданған Кемелерді қауіпсіз пайдалануды басқару және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық конвенциясының (ХҚБК) талаптарына сәйкес келетін Қауіпсіздікті басқару жүйесі (ҚБЖ) қолданысқа енгізілді. 2011 жылы өткізілген жыл сайынғы куәландыру аталмыш жүйенің белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін растады.

Сондай-ақ, ҚТКФ меншігіндегі бүкіл танкерлер Мұнай танкерлері мен терминалдарға арналған қауіпсіздік жөніндегі халықаралық нұсқаулық талаптарына сәйкес келеді және «Тенгизшевройл» компаниясы тарапынан оның осы жүктердің иесі ретінде мұнай тасымалдауға мақұлдауын алды.

Қауіпсіздікті басқару және Кемелерді күзету жүйелерінің тиімділігіне және оның ХҚБК мен Кемелерді және порттық құрылыстарды күзету жөніндегі халықаралық кодекс (КПҚК) талаптарына сәйкес келуіне баға беру мақсатында 2011 жылы мынадай ішкі және сыртқы аудит өткізілді:

ҚБЖ бойынша компания мен кемелердің сыртқы аудиті - 6

КПҚК бойынша кемелердің сыртқы аудиті – 5

ҚБЖ бойынша компания мен кемелердің ішкі аудиті – 38

КПҚК бойынша кемелердің ішкі аудиті - 7

Жүргізілген инспекциялық тексерістердің нәтижесі бойынша әрбір өткізілген аудит бойынша түзетулер енгізу және сақтандыру әрекеттерінің жеке Іс-шаралар жоспарын әзірлеу арқылы талдау жүргізілді.

ҚТКФ ҚБЖ талдау жүргізу жүйенің тұтастай жұмысына баға беру және осы бойынша кемшіліктерді анықтау мүмкіндігін берді. Осы секілді талдауды жүргізу Қауіпсіздікті басқару жүйесін одан әрі жақсарту және оны оңтайландыру үшін қажет етіледі. Осының нәтижесінде мынадай бағытта жұмыстану қажеттілігі анықталды:

- кемелерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- кеме мен жағалау персоналының авариялық жағдайларға әзір болу деңгейін арттыру;
- кемелер мен жабдықтардың техникалық жай-күйін және оларға қызмет көрсетуді бақылауды күшейту;
- жағалау және кеме персоналының теңізде жүзу қауіпсіздігі саласындағы дағдылықтары мен білімін жетілдіру;
- кемелерді пайдаланумен, жүктерді тасымалдаумен, персоналмен, қоршаған ортамен байланысты жаңа тәуекелді айқындау және оған баға беру және олардың баламалы қорғалуын ұйымдастыру;
- ТЖҚД қызметкерлерімен кемелерді тұрақты тексеріп отыру және кемелердің инспекциясын жүргізу.

Флоттың халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес келуіне техникалық қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде компания кемелері куәландырудың мына түрлеріне ұсынылды:

1. Жыл сайынғы – 17 куәландыру
2. Кезекті (жіктеліміне қарай) - 9 куәландыру
3. Докқа қою арқылы куәландыру – 8 куәландыру
4. Аралық куәландыру – 7 куәландыру
5. Кезектен тыс куәландыру – 14 куәландыру

Кеме компанияларының қауіпсіздігі мен қозғалысының мониторингі мәселелерін шешу бойынша қолға алынған жұмыс жыл бойы жүргізіліп отырады. ҚТКФ кемелерінде Кемелерді анықтап табу және олардың қозғалысын қашықтықтан бақылаудың жабдығы орнатылды, бірақ ол нормативтік-құқықтық базасының толықтай жетілдірілмеуіне байланысты бүгінгі күнге дейін қатарға қосылып, пайдалануға берілмеді.

2011 жылғы қаңтарда қолданысқа енгізілген Халықаралық Теңіз Ұйымы (ИМО) МЕРС.185(59) Қарарының талаптарына сәйкес «ҚТКФ танкерлерінде «Ұшпа органикалық қоспаларды басқару жоспарын» қолданысқа енгізу бойынша жұмыс қолға алынды.

ИМО басқадай Қарарымен ИМО (MSC.1/Circ.1255) ҚТКФ кемелерінде авариялық сүйрету рәсімі әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Аталмыш рәсім экипажға төтенше жағдайларда қауіпсіз және тиімді әрекет алуда жәрдемдесу мақсатында әзірленді.

Компания жағалау қызметкерлері мен кеме экипажы мүшелерінің білімін тексеру үшін «Дельта Тест» прграммалық жасауды сатып алу үшін тиісінше шарт жасасты. Программалық база су көлігі мамандары білімінің халықаралық талаптарға сәйкес келуіне тесті жүргізу үшін 12 000 астам тапсырмаларды қамтиды.

Оқу мен жаттығу жүргізу кестесіне сәйкес ҚТКФ кемелерінде 2011 жылы 500 оқу дабылы мен оқу-жаттығулары өткізілді. Сондай-ақ 66 бірлескен оқу дабылы мен «жағалау-кеме» оқу-жаттығулары өткізілді.

Кеме персоналының білім деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында кеме экипаждары үшін теңізде жүзу қауіпсіздігі бойынша мынадай семинарлар өткізілді: «Халықаралық теңіз тасымалын реттеу», «Сапалы кеме қатынасы: ХХІ ғасыр стандарты. Теңіз бірлестігі: мүдделердің тепе-теңдігін іздестіру», «Кеме операцияларындағы тәуекелді бағалау».

Жыл бойы кеме капитандары мен бөлімшелер басшылары Қауіпсіздікті басқару жүйесіне өзгерістерді енгізу туралы 17 ұсынысын ресімдеді, осы орайда департаментпен ҚБЖ жөніндегі құжаттарға талдау жүргізу және түзетулер енгізу бойынша жұмыс қолға алынды. Осы орайда Бас директордың атына осы бойынша алынатын рәсімдерді бүкіл рәсімдердің тиімділігін сақтай отырып, оны мейлінше азайту үшін Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі мен Менеджменттің біріктірілген жүйесін өзара біріктіру мәселесін пысықтау туралы Қызметтік жазба берілді.

Департамент қызметкерлері Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығымен бірлесе отырып, сауда мақсатында теңізде жүзу саласында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен түзетулерді енгізу туралы ұсыныстарын әзірлеу бойынша жұмыстың жүргізілуін қолға алды.

Есеп беру кезеңі ішінде ҚТКФ кемелерінде орын алған бір авариялық жағдай тіркелді. 2011 жылғы 24 қыркүйекте Ақтау порты №10 айлағының маңында құрғақ жүктерді таситын «Кадос» кемесімен «Алматы» танкерінің соқтығысу нәтижесінде «Алматы» танкері корпусының оң борты зақымдалды.

Ақтау портының капитанымен Кемелерде болған авариялық жағдайларды тергеу ережесінің талаптарына сәйкес тергеу жүргізіліп, қорытынды түйіндеме берілді. Аталмыш авариялық жағдай пайдалану нәтижесінде зақымдалу ретінде бағаланды. Соқтығысу МППСС-72 ережелерін бұзушылыққа жол берген құрғақ жүктерді таситын «Кадос» кемесі капитанының кінәсімен болды.

ҚТКФ «Алматы» танкерімен болған авариялық жағдайға өз тарапынан тергеу жүргізіп, осының нәтижесі бойынша ҚТКФ кемелерінің капитандарымен авариялардың алдын алу және авариялық жағдайлардың туындаған жағдайында, кеме экипажының тиімді іс-әрекетін қамтамасыз ету бойынша қосымша жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, ҚТКФ кемелерінде штурмандық қызметті ұйымдастыру мәніне тексеріс жүргізілді.

15.3. Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау.

Өндірістік объектілер мен флотты пайдалану жағдайында Қазақстан Республикасында бекітілген қолданыстағы заңнама мен халықаралық конвенциялардың талаптарын сақтау мақсатында ҚТКФ өндірістік жарақат алуды, өндірістегі жазатайым оқиғаларды, қоршаған ортаға залал келтіруді болдыртпау және оның алдын алу, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экожүйелерді тұрақтандыру мен жақсарту мүмкіндігін беретін технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экологиялық іс-

шаралар кешенін жыс сайын алуды жоспарлайды және осыған қаржы бөліп отырады.

Есеп беру кезеңі ішінде сақтандыру төлемдері жүргізілмеді.

ҚТКФ қызметтік автокөлігін пайдалану кезінде жол-көлік оқиғалары тіркелмеді.

Кемелердің жүзу құрамы және өндірісте еңбек ететін қызметкерлер жұмыстарды жүргізу және теңіз операцияларын орындау жағдайында зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғалу үшін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етілді.

Оқыту, нұсқама беру және кәсіби білімін тексеру

Тұрақты негізде құрылған ҚТКФ емтихан комиссиясымен қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ТОҚБ өндірістік қызметкерлерінің – 52 адам, қызметтік автокөлік жүргізушілері – 10 адам кәсіби білімі тексерілді.

Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны танкерлерде қамтамасыз ету үшін жауапты адамдардың (капитанның екінші көмекшісі – 5 адам) еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша кәсіби білімі тексеріліп, оларға тиісті үлгілік нысанда әзірленген сертификаттар табысталды.

ҚТКФ 12 қызметкерінің өнеркәсіп қауіпсіздігі, электрқауіпсіздігі, жүккөтергіш машиналар мен қысыммен жұмыс жасайтын сауыттарды қауіпсіз пайдалану саласындағы кәсіби білімі тексерілді.

Сипатына және өткізілу мерзіміне қарай мынадай нұсқама берілді: кіріспе, жұмыс орнында берілетін бастапқы нұсқама, екінші қайтара, мақсатына қарай жоспардан тыс нұсқама.

ҚТКФ және ТОҚБ кемелері электрондық жеткізушілерде орналасқан ТҚ жөніндегі қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттамасымен, плакаттармен, көрінекі құралдармен және журналдармен қамтамасыз етілді.

Денсаулықты қорғау және алкогольдік ішімдіктерді қолдануға қарсы саясат

МБЖ және ҚБЖ жөніндегі саясатты сақтау, кемелерде алкогольдік ішімдіктерді қолдануды болдырмау медициналық қызметкердің (еңбек келісімі бойынша) тарапынан жүзу құрамын алкогольдік ішімдіктерді қолдану мәніне тексеру арқылы жүзеге асырылып, осы сияқты тексерулерді жүргізу кезінде портативтік алкотестерлер пайдаланылады.

ҚТКФ қызметкерлері мен жүргізушілерін медициналық тексеру медициналық қызметкердің журналына осы туралы жазба белгісін қою арқылы ауысым сайын жүргізіледі.

Осы орайда «Нейрон» ЖШС медициналық мекемесінде оқуға жолдама алған (теңіз мамандығы бойынша мамандарды әзірлеу бағдарламасына сәйкес) талапкерлер үшін медициналық тексеру ұйымдастырылды.

Оқу және оқу тренингтері

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ықтималды авариялар мен ТЖ ден қою жөніндегі ішкі оқу және оқу жаттығулары ҚТКФ бойынша тұрақты негізде жүргізіліп отырады.

Бекітілген кестеге сәйкес 2011 жылы алынған іс-шаралар:

Өткізіліген күні	Іс-шаралар
02.04.11ж.	«ТОҚБ объектілеріне санкциясыз кіру»
23.03.11 ж.	«Айлақтарды өрт алу жағдайы»
26.05.11г., 18.06.11 ж.	«Майдың төгілуін жою»
18.06.11г., 24.06.11 ж.	«Айназар» карьерінде орын алған ЖКО»
02.07.11г., 16.07.11 ж.	«Борт сыртында адам»
05.07.11 ж.	«ТОҚБ тұрғын үй базасын өрт алу жағдайы»
02.08.11 ж.	«Қызметкердің электр тогынан жарақат алуы»
24.08.11 ж.	«Өрт сөндіру-техникалық минимум»

ҚТКФ Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің жоспарына сәйкес ҚТКФ «Көктем-2011» және «Қыс-2011» республикалық командалық-штабтық оқуға белсенділікпен қатысты. Осы орайда үйлестіруші және уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау жағдайлары пысықталып, ҚТКФ ТЖ жөніндегі жедел штаб құрылды.

***Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша
ҚТКФ шығындары***

Іс-шаралардың атауы	2010 жыл (теңге)	2011 жыл (теңге)
Еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру	2 934 000	2 450 000
Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіпі бар объект иелерінің АҚЖ сақтандыру	194 994	1 738 800
Қызметкерлерді медициналық сақтандыру	25 594 575	-
Автокөлік қозғалысын бақылаудың спутниктік жүйесі	979 976	744 252
Плакаттарды, әдебиет пен көрінекі құралдарды сатып алу, стенділерді әзірлеу	1 736 484	195 000

ЖКҚ сатып алу	14 003 616	13 489 583
Өрт қауіпсіздігі	1 279 496	5 133 618
Оқыту	1 111 000	643 000
Басқадай іс-шаралар (дәрі-дәрмек сатып алу, мед.тексеру, сауықтыру іс-шаралары және т.б.)	3 045 222	10 506 320
Барлығы:	50 879 363	34 900 573

2011 жылы сақтандыру компанияларымен жасасқан шарттарға сәйкес қызметкерлер тиісті тәртіппен сақтандырылды.

15.4. Қоршаған ортаны қорғау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ қоршаған ортаның жай-күйіне жыл сайын мониторингі өткізіп отырады, оны атмосфералық ауаға, су ресурстарына, топыраққа мониторингі жүргізу және мамандандырылған мердігер ұйымдарды тарту арқылы радиациялық мониторингі құрайды.

Атмосфералық ауа мониторингі

ҚР-сы Үкіметінің 27.06.2001 жылғы №865 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған орта мен табиғи ресурстарға мониторингі жүргізудің мемлекеттік бірыңғай жүйесін ұйымдастыру және жүргізу ережесіне» сәйкес атмосфералық ауаға мониторингі жүргізуді екі кіші жүйе құрайды:

* тазалық-қорғаныштық белдем шекарасында атмосфералық ауаның сапасына мониторингі жүргізу;

* тигізген әсеріне мониторингі жүргізу, яғни атмосфералық ауаны ластау көздерін бақылау.

Атмосфералық ауа сапасына мониторингі жүргізу

Есеп беру кезеңінде мердігер ұйымдармен өндірістік объектілердің тазалық-қорғаныштық белдем шекарасында атмосфералық ауаға мониторингі жүргізудің жоспарлы 16 кезеңі ойдағыдай өткізілді. Ауа үлгісін алудың бақылау нүктелеріндегі атмосфералық ауада ластағыш заттектер концентрациясының өзгеріске түсу қарқындылығы:

Түйіндеме: ҚТКФ өндірістік объектілерінің тазалық-қорғаныштық белдем шекарасында жүргізілген мониторингі зерттеулерінің нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

- атмосфералық ауаға тасталатын негізгі ластағыш заттектердің концентрациясы бекітілген РКШ нормативтерінің шегінде болды;

- 2008 жылдан бастап 2011 жылға дейін жүргізілген зерттеулердің бүкіл кезеңі ішінде құрымның болған жағдайы тіркелмеді, бұл оның әлсіз ұтқырлығымен және белгіленген ТҚБ шекарасының шегінде әсер етуінің оқшаулануымен болды;

- 2008-2011 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулер кезеңі ішінде атмосфералық ауаға тасталатын ластағыш заттектердің жалпы төмен болу қарқындылығы байқалды;

- Қоршаған ортаның табиғи компоненттеріне тигізетін әсерді бағалау қанағаттанарлық деп бағаланды.

Әсер ету жағдайына мониторингі жүргізу

Жергілікті және жылжымалы ластану көздерінен атмосфераға тасталатын ластағыш заттектердің нақтылы тастандыларының есебі қоршаған ортаны қорғау саласында түпкілікті деректер мен ҚТКФ айналым-сальдо тізімінің негізінде жасасқан шарттарға сәйкес мердігер ұйымдардың күшімен тоқсан сайын орындалып отырады.

Атмосфералық ауаға тасталатын ластағыш заттектердің өзгеру серпіні:

Түйіндеме: белгіленген лимиттерден асып кеткен жағдайлар тіркелмеді, атмосфераға ластағыш заттектердің тасталуының төмендеуінің жалпы қарқындылығы байқалды.

Су ресурстарының мониторингі

Су ресурстары эмиссиясының мониторингі:

- теңіз суының мониторингі;
- су түбіндегі қалдықтардың мониторингі;
- биота мониторингі.

Жасасқан шарттарға сәйкес 2008-2011 жылдар аралығында мердігер ұйымдардың күшімен теңіз суы мен су түбіндегі қалдықтарға мониторингі жүргізудің 16 кезеңі ойдағыдай орындалды.

Теңіз суының мониторингі

Теңіз суының мониторингі ретінде теңіз суының гидрофизикалық және гидрохимиялық сипаттамаларын зерттеу және химиялық құрамын анықтау үшін су үлгісін алу болып табылады.

Су үлгісін алудың бақылау нүктелеріндегі теңіз суында ластағыш заттектер концентрациясының өзгеру серпіні:

Түйіндеме:

- алынған су үлгісінің бүкіл нүктелеріндегі гидрологиялық-гидрохимиялық көрсеткіштердің барлық өзгерістері табиғи сипатқа ие болып, табиғи ауытқу шегінде болды;

- 2008-2011 жылдар кезеңінің аралығындағы деректер талдамасы зерттеу учаскесінің су бетіндегі ластағыш заттектер құрамының серпіні бір қалыпты болмай отырғандығын және оның анықталуға жататын ингредиенттерінің төмендеуін байқатты. Бұл Баутин бухтасының экологиялық жай-күйінің жалпы алғанда жақсаруымен байланысты болып отырғандығының айғағы.

Су түбіндегі қалдықтардың мониторингі

Су түбіндегі қалдықтардың мониторингі ретінде тотығу-қалпына келтіру әлуетін, түйіршік-метрикалық құрам мен химиялық құрамды зерттеу болып табылады.

Су үлгісі алынған бақылау нүктелеріндегі ластағыш заттектер концентрациясының су түбіндегі қалдықтарда өзгеріп отыру серпіні:

Түйіндеме:

- Баутин поселкесінің ТОҚБ №1,2 айлақтарындағы аймақтарда су түбіндегі қалдықтар өзінің құрамы бойынша терригендік-карбонаттық болып келеді, су түбіндегі қалдықтарды зерттеу нүктелерінде тотығу-қалпына келтіру әлуеті мәнінің ауытқу ауқымы жүйенің геохимиялық режимінің тұрақты болуын көрсетті;

- бүкіл су түбіндегі қалдықтардың үлгісі алынған нүктелерінде мұнай көмірсутегінің жалпы концентрациясы ОДК нормативтік мәнінен аспайды;

- ауыр металл бойынша КРШ нормативтерінен асып кеткен жағдайлар бақылау жүргізудің ешбір нүктелерінен тіркелмеді, зерттеу жүргізілген 2008-2011 жылдар аралығындағы кезең ішінде су түбіндегі қалдықтарда ластағыш заттектер концентрациясының жалпы төмендеуінің қарқындылығы байқалды.

Биота мониторингі

Биота мониторингі мына айқындамалар бойынша жүзеге асырылды:

- микробиология;
- фитопланктон
- зоопланктон
- макрозообентос

Түйіндеме: бекітілген экологиялық бақылаудың 2011-2013 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес есеп беру кезеңі ішінде мердігер ұйымдардың күшімен үлгі алудың үш станциясында биота мониторингінің 4 кезеңі өткізіліп, су түбіндегі қалдықтарда микроорганизмдердің жалпы саны, био-салмағы, сапрофиттер мен мұнай-тотығу микроорганизмдерінің құрамы анықталды.

Топырақ мониторингі

Жер қыртысына мониторингі жүргізудің басты мақсаты – жер қыртысының жай-күйі, топырақ құрамында ластағыш заттектердің болуы туралы шынайы ақпаратқа ие болу, оның келешектегі салдарын болжамдау, жер қыртысына тигізетін теріс әсерді мейлінше азайту бойынша іс-шараларды әзірлеу болып табылады. 2008 жылдан бастап 2011 жылға дейін мердігер ұйымдардың күшімен топырақ жай-күйіне мониторингі жүргізудің 16 кезеңі орындалып, жергілікті экологиялық алаңшалардағы (ЖЭА) топырақтың жай-күйіне бақылау жүргізілді. Үлгісі алынған бақылау нүктелеріндегі топырақта ластағыш заттектер концентрациясының өзгеру серпіні мынадай:

Түйіндеме:

- үлгісі алынған су түбіндегі қалдықтардың бүкіл нүктелерінде мұнай өнімдері бойынша ОДК нормативтерінен жоғары болған жағдайлар анықталмады, зерттеу жүргізілген 2008-2011 жылдар аралығындағы кезең ішінде су түбіндегі қалдықтарда ластағыш заттектер концентрациясының жалпы төмендеуінің қарқындылығы байқалды.

- ауыр металл бойынша КРШ нормативтерінен асып кеткен жағдайлар бақылау жүргізудің ешбір нүктелерінен тіркелмеді, зерттеу жүргізілген 2008-2011 жылдар аралығындағы кезең ішінде су түбіндегі

қалдықтарда ластағыш заттектер концентрациясының жалпы төмендеуінің қарқындылығы байқалды.

Радиациялық мониторингі

Радиациялық мониторингі мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

- Баутин поселкесіндегі Теңіз операцияларын қолдау базасының №1,2 стокпайлдарында радиологиялық зерттеулерді жүргізу. Зерттеулерді жүргізу мерзімділігі – жылына 1 мәрте;

- «Айназар» карьерінде радиологиялық зерттеулерді жүргізу. Зерттеулерді жүргізу мерзімділігі – жылына 1 мәрте;

- тас түрлері мен қиыршық тасты радиологиялық зерттеу.

2008-2011 жылдар аралығында зерттеу жүргізу кезеңі ішінде мердігер ұйымдардың күшімен Баутин поселкесіндегі ТОҚБ №1,2 стокпайлдары мен «Айназар» карьерінде жүргізілген радиологиялық зерттеулердің 4 кезеңі орындалды. Тиімді гамма сәулелену мөлшерінің өлшенген қуаты тиімді мөлшерлеме қуатының 0,2 мкЗ/в/сағ. аспайды, демек 532 НРБ-99 тармағына сәйкес келеді.

Тас түрлері мен қиыршық тасқа жүргізілген радиологиялық зерттеулер «ҚР ДМ Маңғыстау облысы бойынша МСЭҚКД» ММ Санитарлық-гигиеналық бөлімімен орындалды. 24.10.2011 жылғы №64-65-66-67-68 хаттамаға сәйкес ұлутастың сыртқы гамма-сәулелену мөлшерлемесінің қуаты белгіленген нормативтік көрсеткіштер шегінде болды.

Өндірістік экологиялық бақылаудың 2012-2013 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес «Айназар» карьеріндегі, №1,2 стокпайлдардағы топырақтың радионуклидтік құрамы тексерілді. 23.10.2011 жылғы радиологиялық зерттеулерді жүргізу нәтижелері жөніндегі Хаттамаларға сәйкес зерттеуге алынған топырақ құрамы белгіленген нормативтік талаптарға жауап берді.

Қауіпті қалдықтар түрлерінің әсерін бағалау мониторингі

Кәсіпорындағы қалдықтарды басқару жүйесі қалдықтардың пайда болуын қадағалаудың ұйымдық іс-шараларын, қалдықтарды жинауды, сақтауға алуды, кәдеге жаратуды және залалсыздандыруды бақылауды қамтиды. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерін неғұрлым азайту үшін және бүкіл қалдық түрлерінің пайда болу, оны жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес кәсіпорын бойынша мыналар әзірленді:

- «Кәсіпорын стандарты. Қалдықтарды пайдалану рәсімі» ҚТКФ.052 КСТ

Сондай-ақ әрбір кеме үшін:

- Қоқыстарды жою жөніндегі Кеме жоспары (МАРПОЛ 73/78 9 (2) Ережесінің 5 Қосымшасына сәйкес)

- Қоқыстарды өңдеу жоспары (Кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық конвенцияға қоса берілген қосымшаның 9 (2) ережесіне сәйкес).

ҚТКФ бойынша өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттері көздестірілмей отырғандықтан, қалдықтар пайда болуына және жиналуына қарай қайта өңдеуге жасасқан шарттарға сәйкес қайта өңдеуге (көму) тапсырылады.

Түйіндеме:

- Өндірістік және тұтыну саласынан пайда болған қалдықтардың нақтылы көлемі туралы қолда бар деректер бойынша бүкіл қалдық түрлерінің бүгіндегі көлемдері белгіленген нормативтер шегінде;

- 2011 жылға арналған Менеджменттің біріктірілген жүйесі жөніндегі Жоспардың «Экологиялық нормалау» бөлімінің 2.5.2. тармағына сәйкес қауіпті қалдықтар түрлерін түгендеу және 2011-2013 жылдарға қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеу бойынша қолға алынған жұмыстар «SED» ЖШС тарапынан орындалды. Түгендеу жүргізу барысында қалдықтардың жаңа түрлері анықталды: кеме бұрандаларын тазалаудан жиналған қалдықтар, ақаулы электрондық жабдықтар, химиялық, минерологиялық құрамын анықтау үшін мұнай құю танкерлерінің инсенераторларын ЖЖМ материалдары мен күл қалдықтарынан тазалаудан жиналған шлам үлгісі зерттеуге алынды, гидробионтты қолдану арқылы биосынақ өткізілді, зертханадағы жануарларға токсикологиялық тәжірибе қойылып, радиологиялық зерттеулер өткізілді.

Өсімдік пен жануар әлемінің мониторингі

Бекітілген өндірістік экологиялық бақылаудың 2012-2013 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес есеп беру кезеңі ішінде жергілікті экологиялық аландардың өсімдік қабаты мен жануарлар әлемінің мониторингі жүргізілді.

Түйіндеме: зерттеу жүргізу барысында өсімдіктердің жаңа түрлері анықталып, олардың молаю жағдайы байқалды және жануарлар әліміне баға берілді.

Міндетті экологиялық сақтандыру

Қазақстан Республикасының 13.12.2005 жылғы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» №93-ІІІАО Заңына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жыл сайын жасасады. Оның объектісі ретінде үшінші адамдардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірген зиянды өтеу міндетімен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын адамның мүліктік мүддесі болып табылады.

2008-2011 жылдар кезеңінде міндетті экологиялық сақтандыруға жасасқан шарт бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді.

Парниктік газдар және озон қабатын бұзатын заттар

Парниктік газдар шығарындыларының және озон қабатын бұзатын заттардың тұтыну көздерін түгендеу Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 наурыздағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенциясына қоса беріліп отырған Киот хаттамасын бекіту туралы» № 144-IV Заңын және Қазақстан Республикасының

Экологиялық кодексінің 318-бабын орындау мақсатында жыл сайын орындалады.

2011 жылы «SED» ЖШС тарапынан парниктік газдарға түгендеу жүргізіліп, осының барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 08.02.2008 жылғы №124 Қаулысымен бекітілген «Парниктік газдарды атмосфераға шығаруды және озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну көздерін мемлекеттік есепке алу ережесіне» қоса беріліп отырған 4 Қосымшаның С тізімінде көрсетілген озон қабатын бұзатын заттар бар жабдық анықталды.

Түйіндеме: 2008-2011 жылдар аралығында кәсіпорын шығарындыларының елеулі үлесі «Энергетика» секторына шақ келіп, оны «Отынды жандырумен байланысты қызмет» парниктік газдар шығарындыларының категориясы құрайды. «Отынды жандырумен байланысты қызмет» категориясына отынды жергілікті және ұтымды жандыру жатады. Парниктік газдар мен озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың 1,1,1,2-тетрафторэтан (фреон-134-а), дифторметан (метиленфторид, фреон-32), пентафторэтан (хладон-125), HFC-125, HFC-143-а сияқты жаңа көздері анықталып, парниктік газдар мен озон қабатын бұзатын заттарды қысқарту бойынша іс-шаралар алынуда.

Қоршаған ортаны экономикалық реттеу

Қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы қоршаған ортаға залал келтіруді болдырмау және оның алдын алу, экожүйенің жай-күйін тұрақтандыру және жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, қоршаған орта компоненттерінің жай-күйін жақсарту мақсатында ҚТКФ технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экологиялық іс-шаралар кешенінің алынуын жыл сайын жоспарлайды және осыған қаржы бөліп отырады.

Осылайша, Компанияда замануи менеджменттің біріктірілген жүйелерін қолданысқа енгізу:

- Компанияда болып жатқан процестердің сапасын басқаруды қамтамасыз етеді;
- ұсынылатын қызмет көрсетулерді басқаруды қамтамасыз етеді;
- Компания персоналының және оның тұтынушыларының кәсіби қауіпсіздігі мен денсаулығын басқаруды қамтамасыз етеді;
- қоршаған ортаға тигізетін әсерді басқаруды қамтамасыз етеді;
- жаңа технологияларды қолданысқа енгізудің негізі болып табылады;
- бәсекеге қабілеттікті тиісті деңгейде күтіп ұстауда проблемаларды реттеудің жаңа деңгейіне шығу мүмкіндігін береді.

16. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУ ҚЫЗМЕТІ

2008 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қорды корпоративтік басқару жүйесінің негізі ретінде Басқарушылық есептілік жүйесін (БЕЖ) қолданысқа енгізу жүйесін қолданысқа енгізу бойынша кең ауқымды бағдарламаның әзірленуіне бастамашылық танытты.

БЕЖ бағдарламасы басқаруды жақсарту және оның анық болуы үшін әзірленді. Бағдарлама негізін «Самұрық-Қазына» Қорына, ұлттық компаниялар мен олардың ЕБҰ басшылық ету деңгейінде тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін уақтылы және шынайы есептілікті беру құрайды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ бойынша БЕЖ қолданысқа енгізу шынайы есептілікті уақтылы алуға бағытталып, ол:

– ҚТКФ және оның еншілес және бағыныста тұрған ұйымдарын корпоративтік басқару тиімділігін;

– ҚТКФ стратегиялық міндеті ретіндегі ҚТКФ және оның ЕБҰ нарықтық құнын арттырады.

БЕЖ бағдарламасын қолданысқа енгізу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2008 жылғы 14 сәуірдегі (№3/2008 хаттама) шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бойынша Басқарушылық есептілік жүйесін қолданысқа енгізу жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспармен белгіленген бүкіл жұмыстардың орындалуы қолға алынды.

«Самұрық-Қазына» Қоры мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік саясатын орындау мақсатында 2010 жылдың соңғы айында Басқарушылық есептілік жүйесін қолданысқа енгізу қызметі құрылды.

Басқарушылық есептіліктің әдістемелік негізі

Басқарушылық есептілік өзара біріккен бухгалтерлік есеп пен менеджмент ретінде ҚТКФ оралымды басқару, қызмет түрлерін бақылау мен оның есептілігін жүргізу мәселелерін жүйелі түрде пысықтау мүмкіндігін береді.

Басқарушылық есептілікке көшу – бұл бухгалтерлік есепті қаржы және басқарушылық есеп саласына бөлу арқылы бухгалтерлік есеп жүйесін әдістемелік қайта құру болып табылады. Басқарушылық есептіліктің мәні ретінде шығындар мен кірістер есептілігінің біріктірілген жүйесі, нормалау, жоспарлау, бақылау мен талдау, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді оралымды шешу және компанияның келешектегі дамуы үшін жүйелі ақпаратты беру болып табылады.

Басқарушылық есептілік құрамындағы ақпарат құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижесін неғұрлым анық және шынайы көрсету және ҚТКФ таза табысына ие болуда қатысу үлесін айқындау мақсатында жиналып, топ-топқа бөлінеді, өзара сәйкестендіріледі, зерделенеді.

БЕЖ қолданысқа енгізу шеңберінде ҚТКФ 2011 жылы ҚТКФ басшылығы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жалғыз акционері үшін басқарушылық пен қаржы есептілігін әзірлеу процестерін автоматтандыру бойынша жүргізілетін кең ауқымды жұмысты қолға алды.

Мынадай күрделі міндеттер белгіленіп, қолданысқа енгізілді:

1. «Сатып алуларды жоспарлау және шарттардың мониторингі» автоматтандырылған жүйесі;
 2. «Орталықтындырылған қазынашылық» автоматтандырылған жүйесі;
 3. Есепке алу учаскелері және ҚТКФ есептіліктерін әзірлеу процестері бойынша тәуекел-бақылау матрицасы (ҚТКФ Басқармасының 2011 жылғы 28 желтоқсадағы №21 хаттамасымен бекітілді);
 4. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ «1С» есеп жүйелері мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «1С: Корпоративтік басқару» негізінде Жеке және шоғырландырма қаржы есептілік жүйесінің деректерімен өзара алмасып отыруды ұйымдастыру регламенті» ҚТКФ.088 КСТ (ҚТКФ Басқармасының 2011 жылғы 22 қарашадағы №16 хаттамасымен бекітілді);
 5. Автоматтандырылған бюджеттеу жүйесі (орындалуда);
 6. БЕЖ қолданысқа енгізу шеңберінде нормативтік-анықтамалық ақпаратты үйлестіру;
 7. «1С: Корпоративтік басқару» негізінде Жеке және шоғырландырма қаржы есептілігі қолданысқа енгізіліп басталды;
 8. «ҚТКФ ЕБҰ бухгалтерлік есеп есептеулерін есептеу және көрсету» автоматтандырылған жүйесі әзірленіп басталды.
- 2011 жылы автоматтандырылған жүйелерді тиімді пайдалану үшін және олардың қолданысқа енгізілуіне қарай осыған мүдделі ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінің уәкілетті қызметкерлерімен оқу жаттығулары өткізілді.

17. КАДР МӘСЕЛЕЛЕРІ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

17.1. Кадрлық саясат

ҚТКФ теңіз саласында Қазақстан Республикасындағы бірден бір ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылады. ҚТКФ еңбек ететін қызметкерлердің саны 600 адамнан жоғары. Оның ішінде жалпы адам санын қызметкерлер құрамының шамамен 80% жас шамасы 25-ден 45-ке дейінгі қызметкерлер құрайды. Осы оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен тәжірибесі мол қызметкерлердің өзара бірқалыпты теңгерімі байқалады. ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы 33 жаста. Жоғары білім алған қызметкерлер құрамының пайыздық үлесі - 60%.

Қызметкерлер құрамының 1/3 теңіз саласындағы жұмыс өтілі 5 жылдан жоғары.

2011 жыл бойынша қызметкерлер құрамының тұрақсыздығы шамамен 11% құрайды. Соңғы жылдар ішінде қызметкерлер құрамы бойынша тұрақсыздық көрсеткішінің қарқынды төмендеуі байқалды. Осы орайда жүргізілген талдау нәтижесі ҚТКФ қызметкерлер құрамының кадрлық әлуетінің жоғары деңгейін көрсетті. Бұл жоспарлы бастамашылықтарды жемісті қолданысқа енгізудің және ҚТКФ адам ресурстарын басқарудың жаңа сапалы деңгейіне шығуының негізі болып табылады.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Директорлар Кеңесінің 30.12.2011 жылғы шешімімен (№13-11/ДҚ хаттамасы) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК»

АҚ 2011-2015 жылдарға арналған Кадрлық саясаты бекітілді. ҚТКФ Кадрлық саясаты корпоративтік практиканы жақсарту шеңберінде қызметкерлер құрамымен қолға алынған жұмыстың бірыңғай әдістерін қамтамасыз етуді көздестіріп отырған корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы ҚТКФ дамуының стратегиясын іске асырудың тиімді кадрлық сүйемелдеуіне бағдарланып отыр. ҚТКФ Кадрлық саясатының негізгі мақсаты адам ресурстарын оңтайлы жоспарлауға, өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету және жоғары кәсіби деңгейде стратегиялық міндеттерді шешу мүмкіндігін беретін қазіргі заманға сай HR-технологиялары мен тиімді уәждемелі тетіктерді пайдалануға негізделіп отырған қызметкерлер құрамын басқарудың тиімділігін арттыру болып табылмақ. Осы белгіленген міндеттерді іске асыру жаңарту процестерінің оңтайлы теңгерімін, ҚТКФ адам саны мен сапалық құрамының бизнес қажеттіліктеріне, қолданыстағы заңнамалық талаптарға және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Алдыңғы кезеңге арналған Кадрлық саясат саласында **шешімін таппаған проблемалар:**

- жоғары білікті мамандардың ҚТКФ тартылуына және тұрақтануына ықпал ететін қызметкерлерге еңбекке ақы төлеу жүйесін және әлуметтік қолдау көрсетуді реттеу бөлігінде нормативтік-құқықтық базасының тиісті деңгейде жетілдірілмеуі;

- мамандарды даярлау деңгейінің өндірістік қажеттіліктерге және ҚТКФ дамуының стратегиялық міндеттеріне сәйкес келмеуі;

- теңіз саласында жас мамандардың жетіспеушілігі;

- Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемелердегі командалық аға құрамының лауазымдарын алмастыру үшін қажетті теңіз мамандарының болмауы;

- Қазақстан Республикасында сертификатталған теңіз оқу базасының болмауы.

Кадрлық саясаттың негізгі бағыттары:

- жұмыспен қамту және жалдау саласындағы саясат;

- қызметкерлер құрамын дамыту саласындағы саясат;

- еңбек жағдайларының сапасын арттыру;

- қазақстандық қызметкерлер үшін еңбектің және еңбекке ақы төлеудің тепе-тең жағдайларын қамтамасыз ету саясаты;

- корпоративтік мәдениет және мақсаттар мен құндылықтар трансляциясы саласындағы саясат.

ҚТКФ Кадрлық саясатын іске асыру аталмыш проблемаларды жоюды және ҚТКФ адам ресурстарын жаңа сапалы деңгейге шығаруды көздестіреді.

17.2. Кадрлардың даярлығын жүргізу

Отандық теңіз сауда флотын қалыптастыру кезеңінде белгіленіп отырған ең басты міндеттердің бірі кадрлардың даярлығын жүргізу, оларды оқыту мен іріктеп таңдау болып табылады. Осы мәселе Қазақстанда теңіз мамандығы бойынша білікті мамандардың, сондай-ақ теңізші мамандығы бойынша оқытатын және халықаралық қауымдастықтармен және басқадай

мемлекеттердің теңіз порттарының әкімшіліктерімен танылатын құжаттарды беретін оқу орындарының болмауымен өзекті болып отыр.

Мәселен, теңіз мамандығы бойынша оқуды аяқтаған Есенов атындағы Ақтау МУ түлектерінің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан жағдайында оларға ТДВЖЕ 78/95 жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес теңіз мамандығы бойынша берілген дипломдарын растау үшін Ресей теңіз оқу орындарында қосымша білім алуға тура келеді. Сайып келгенде, Қазақстан Республикасында халықаралық талаптарға сәйкес келетін теңіз мамандығы бойынша мамандарды даярлайтын қандай да болмасын жүйе көзделмеген.

Отандық оқу орындарынан ҚТКФ теңіз кемелеріне практикаға жіберілген практикант-курсанттардың практика кезінде даярлық деңгейінің төмен болуы, алған білімінің теңіз кемелеріндегі жұмысқа қажетті нормалар мен талаптарға сәйкес келмеуі байқалады.

Теңіз жүк тасымалының дамуының жоғары қарқындылығы білікті мамандарды талап етеді. Осы орайда теңіз көлігінің экономика секторында бірден бір жоғары серпінді секторлардың бірі болып табылатындығы сөзсіз. Өйткені оған көмірсутекті шикізатты, Ақтау порты арқылы тасып шығарылатын – металл, астық, контейнерлер және басқадай жүктерді экспортқа шығару, Каспий теңізінің қазақстандық секторын кең ауқымды игеру, еліміздің аумағы арқылы транзиттік жүкайналымын ұлғайту оңды ықпалын тигізеді.

Әлемдік флотпен білікті кадрларды қажетсіну теңіз тасымалын қажетсіну көлемінің өсуіне қарай тұрақты ұлғаюда. Осы орайда теңіз саласындағы жетекші компаниялар өз флотын адам ресурстарының қажетті базасымен (штаттан тыс жағдайларда мамандарды жедел алмастыру мүмкіндігіне ие болу үшін) қамтамасыз ету үшін теңізші-жұмыс күшінің құнын мамандардың неғұрлым жоғары санын тарту және компанияның ішінде бәсекені қалыптастыру мақсатында ұдайы көтеріп отырады.

Білікті кадрлық құрамды қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан теңіз мамандарын даярлауды ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 27.11.2007 жылғы №152 Хаттамасымен бекітілген «Танкерлік флот және теңіз мұнай операцияларын қолдау флоты үшін қазақстандық кадрларды дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасына» (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес ҚТКФ теңіз мамандарының даярлығын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Осы Бағдарлама шеңберінде ҚТКФ сертификатталған ресейлік теңіз ЖОО (Новороссийск қаласының адмирал Ф.Ф.Ушаков атындағы Теңіз Мемлекеттік Академиясы) ЖКБ ФМЖМ және оның Астрахань қаласындағы филиалы, Санкт-Петербург қаласының «Адмирал С.О.Макаров атындағы ТМА» ЖКБ ФМЖМ) төмендегі мамандықтар бойынша 117 курсантты оқуға жіберді:

- Кеме жүргізу;
- Кеме жасау;
- Электрмеханика;
- Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану.

2011 жылы оқу бағдарламасына сәйкес 38 курсант ҚТКФ кемелерінде жүзу практикасынан ойдағыдай өтіп, 4 курсант оқу практикасынан өту үшін ашық теңізге жіберілді. ЖОО тәмамдаған 11 түлек ҚТКФ кемелеріне жұмысқа алынды.

17.3. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

ҚТКФ Батыс Қазақстанның маңызды мәнге ие көліктік әлуетінің өкілі ретінде өз қызметін жүзеге асыру барысында Маңғыстау облысы халқының әлеуметтік қорғалмаған топтарына көмек көрсетіп, олардың мұқтаждықтарына ұдайы көңіл бөліп отырады. ҚТКФ басты кеңсе орынжайы Ақтау қаласына ауыстырылған (2004 жыл) сәтінен бастап ҚТКФ тарапынан азаматтарды әлеуметтік қорғау бағдарламасы әзірленіп, осы бағдарламаның басты міндеттерінің бірі соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге, отбасы жағдайы төмен азаматтарға, жетім балаларға қамқор көрсету болып табылады.

ҚТКФ 2002 жылдан бастап Алматы мен Ақтау қалаларында тұратын Ұлы Отан соғысының 80 ардагері мен майдан тылының қатысушыларына шефтік көмек көрсетуде. Оларға ұдайы атаулы материалдық көмек көрсетіліп, 2011 жылы Ұлы Жеңіс Күнін тойлау қарсаңында ҰОС әрбір ардагеріне 70 000 (Жетпіс мың) теңге мөлшерінде материалдық көмек бөлінді.

2011 жылы демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп, демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету шеңберінде 2 740 000 теңге мөлшерінде, оның ішінде «Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» Мемлекеттік мекемесіне теледидар сатып алу үшін 640 000 теңге, «№7 лицей-мектеп» Мемлекеттік мекемесіне замануи әдістерді қолдана отырып оқушылардың ғылыми жобалармен, тематикалық және таныстыру материалдарымен таныс болуы үшін интерактивтік және компьютерлік жабдықтарды сатып алуға 2 100 000 теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойын тойлау аясында «Тәуелсіз Қазақстан» конкурсының жеңімпаздары деп атанған маңғыстаулық оқушылар мерекелік іс-шараларға қатысу үшін Астана қаласына барып келді.

18. АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕПТЕМЕСІ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» акционерлік қоғамының акционеріне

Біз, қоса беріліп отырған «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ және оның оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырма қаржы есептілігіне аудит өткіздік, оны 2011 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайы бойынша қаржы жай-күйі туралы шоғырландырма есептеме, жалпы табыс туралы шоғырландырма есептеме, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырма есептеме және атап көрсетілген күнге аяқталған ақшалай қаражаттың бір жылғы қозғалысы туралы шоғырландырма есептеме, сондай-ақ есеп саясатының елеулі аспектілері туралы ақпарат пен басқадай түсіндірме ақпарат құрайды.

Шоғырландырма қаржы есептілігіне қатысты басшылық жауапкершілігі
Топ басшылығы осы шоғырландырма қаржы есептемесін Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес әзірленуі және шынайы берілуі, сондай-ақ басшылықтың ұйғарымы бойынша жауапсыз іс-әрекеті немесе жаңылысу салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардан аулақ болатындай шоғырландырма қаржы есептілігін түзіп жасауды қамтамасыз ететін ішкі бақылау рәсімдері үшін жауапты болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз осы шоғырландырма қаржы есептілігі туралы пікірімізді жүргізілген аудит негізінде білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Осы стандарттар бізден этикалық нормаларды сақтауды және шоғырландырма қаржы есептілігінің елеулі бұрмалаушылықтарының болмауына жеткілікті деңгейде сенімді болуымыз үшін аудитті жоспарлы жүргізуімізді талап етеді.

Аудитті шоғырландырма қаржы есептілігінде берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдемелерге ие болуға бағытталып отырған рәсімдер құрайды. Осы рәсімдерді іріктеп таңдау жауапсыз іс-әрекеті немесе жаңылысу салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарға әкеліп соқтыру тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудитордың жеке пікіріне негізделеді. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудитор Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіруді көздемейді, ол нақтылы жағдайларда қажетті аудит рәсімдерін айқындау үшін компаниямен түзіп жасалған шоғырландырма қаржы есептілігіне және оның шынайы берілуіне қатысты ішкі бақылау аспектілерін пысықтайды. Сондай-ақ аудитті таңдап алынған есеп саясатының орындылығына және басшылықпен берілген бухгалтерлік бағалымның негізделуіне баға беру және шоғырландырма қаржы есептілігінің берілуіне тұтастай баға беру құрайды.

Біздің пікірімізше, бізге белгілі болған аудиторлық дәлелдемелер жеке пікірімізді тиісті деңгейде білдіруге жеткілікті болып табылады.

Пікірі

Біздің пікірімізше, 2011 жылғы желтоқсанның 31-і күніне осы шоғырландырма қаржы есептілігінде оның бүкіл елеулі аспектілерінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ мен оның еншілес компанияларының қаржы жай-күйі, сондай-ақ атап көрсетілген күнге аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысы мен қаржы нәтижелері Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес шынайы көрсетілген.

Аудит жөніндегі серіктес

Эльшад Алиев

Аудитор/ «Эрнс энд Янг» ЖШС Бас директоры Евгений Жемалетдинов

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРМА ЕСЕПТЕМЕ
2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
мың теңгемен

	ескертпе	2011 жылғы 31 желтоқсан	2010 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелді)*	2010 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелді)*
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі жабдықтар	6	34.782.248	20.027.704	14.880.272
Материалдық емес активтер	7	425.493	353.999	231.947
Қауымдастық компанияға тартылған инвестициялар	8	—	28.845	110.715
Ұзақ мерзімді активтерге көзделген аванс		5.501	85.262	—
Өзге ұзақ мерзімді активтер		17.883	26.073	—
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	15	50.065	52.542	3.594
		35.281.190	20.574.425	15.226.528
Ағымдағы активтер				
Тауарлық-материалдық запастар	9	924.183	848.563	518.253
Корпоративтік табыс салығы		290.571	187.095	128.937
Салықтар бойынша алдын-ала төлемақы	10	158.048	2.014	52.325
Сауда және өзгедей дебиторлық берешек	11	2.173.208	3.173.134	1.757.609
Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері	12	2.773.783	2.285.548	8.057.749
		6.319.793	6.496.354	10.514.873
Барлығы активтер		41.600.983	27.070.779	25.741.401
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Жарғы капиталы	13	11.575.721	11.575.721	3.975.325
Шетелдік валютаны қайта есептеу бойынша резерв		107.021	117.528	163.551
Бөлінбеген табыс		8.343.942	7.323.739	6.366.648
Барлығы капитал		20.026.684	19.016.988	10.505.524
Ұзақ мерзімді активтер				
Қаржылай жалға алу бойынша міндеттемелер	14	833.723	1.071.137	1.587.278
Займдар	15	15.316.068	1.147.472	1.443.683
Мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	26	1.764.131	1.671.684	704.750
Резерв	16	125.128	166.052	195.730
		18.039.050	4.056.345	3.931.441
Ағымдағы міндеттемелер				
ҚМГ ҰК алдында берешек		—	—	9.226.129
Қаржылай жалға алу бойынша міндеттемелер	14	245.292	466.978	598.409
Займ	15	1.286.524	307.663	314.087
Сауда және өзге кредиторлық берешек	17	1.808.023	2.929.399	1.017.899
Резерв	16	124.340	127.706	115.293
Төленуге тиіс өзге салықтар	18	71.070	165.700	32.619
		3.535.249	3.997.446	11.304.346
Барлығы міндеттемелер		21.574.299	8.053.791	15.235.877
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		41.600.983	27.070.779	25.741.401

*осы бағанада көрсетілген кейбір сомалар бұдан бұрын берілген 2010 жылғы шоғырландырма қаржы есептілігіне сәйкес келмейді, өйткені 2 Ескертпе мен 4 Ескертпеде көрсетілген түзетулерді қамтиды.

Топ басшылығының атынан қол қойып, бекіткен

Бас директор

М. К. Орманов

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры

А. Т. Мұқашев

Бас бухгалтер

Р. Қ. Сәрсекенова

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРМА ЕСЕПТЕМЕ
2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
мың теңгемен

	Ескертпе	2011	2010 (қайта топ-топқа бөлінді)*
Түсім	19	19.790.513	22.876.676
Сатып өткізілген өнім мен ұсынылған қызмет көрсетулердің өзіндік құны	20	(16.613.395)	(18.730.214)
Жалпы табыс		3.177.118	4.146.462
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(1.230.372)	(1.048.535)
Сатып өткізу бойынша шығыстар	22	(148.429)	(202.952)
Өзге операциялық кірістер	21	72.721	18.296
Өзге операциялық шығыстар		—	(5.699)
Операциялық кірістер		1.871.038	2.907.572
Таза теріс бағам айырмашылығы		(36.933)	(55.092)
Қаржы кірістері	24	45.329	133.406
Қаржы шығыстары	25	(402.202)	(627.801)
Қауымдастық компаниясының таза шығындардағы үлесі	8	(28.845)	(81.870)
Табыс салығына дейінгі кірістер		1.448.387	2.276.215
Табыс салығы бойынша шығыстар	26	(105.425)	(989.172)
Жыл бойынша табыс		1.342.962	1.287.043
Өзге жиынтық шығындар			
Шетелдік валютасын қайта есептеу		(10.507)	(46.023)
Салықты шегергендегі жыл бойынша өзге жиынтық шығындар		(10.507)	(46.023)
Салықты шегергендегі жыл бойынша жалпы жиынтық табыс		1.332.455	1.241.020

* осы бағанада көрсетілген кейбір сомалар бұдан бұрын берілген 2010 жылғы шоғырландырма қаржы есептілігіне сәйкес келмейді, өйткені 4 Ескертпеде көрсетілген түзетулерді қамтиды.

Топ басшылығының атынан қол қойып, бекіткен

Бас директор

М. К. Орманов

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры

А. Т. Мұқашев

Бас бухгалтер

Р. Қ. Сәрсекенова

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРМА ЕСЕПТЕМЕ
2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
мың теңгемен

	ескертпе	Жарғылық капитал	Шетелдік валютаны қайта есептеу бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Барлығы
2010 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелместен бұрын)		3.975.325	163.551	6.537.273	10.676.149
Деректерді қайта есептеу (2 Ескертпе)		—	—	(170.625)	(170.625)
2010 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелді)*		3.975.325	163.551	6.366.648	10.505.524
Кезең бойынша таза табыс		—	—	1.287.043	1.287.043
Кезең бойынша өзге жиынтық шығындар		—	(46.023)	—	(46.023)
Жалпы жиынтық табыс		—	(46.023)	1.287.043	1.241.020
Жарғылық капиталдағы ұлғаю		7.600.396	—	—	7.600.396
Дивидендтер	13	—	—	(329.952)	(329.952)
2010 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелді)*		11.575.721	117.528	7.323.739	19.016.988
Кезең бойынша таза табыс		—	—	1.342.962	1.342.962
Кезең бойынша өзге жиынтық шығындар		—	(10.507)	—	(10.507)
Жалпы жиынтық табыс		—	(10.507)	1.342.962	1.332.455
Дивидендтер	13	—	—	(322.759)	(322.759)
2011 жылғы 31 желтоқсанға		11.575.721	107.021	8.343.942	20.026.684

* осы бағанада көрсетілген кейбір сомалар бұдан бұрын берілген 2010 жылғы шоғырландырма қаржы есептілігіне сәйкес келмейді, өйткені 2 Ескертпеде көрсетілген түзетулерді қамтиды.

Топ басшылығының атынан қол қойып, бекіткен

Бас директор

М. К. Орманов

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры

А. Т. Мұқашев

Бас бухгалтер

Р. Қ. Сәрсекенова

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРМА ЕСЕПТЕМЕ

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

мың теңгемен

	Ескертпе	2011	2010 (Топ-топқа қайта бөлінді)*
Операциялық қызметтен ақшалай ағындар:			
Табыс салығына дейінгі кірістер		1.448.387	2.276.215
Салық салынғанға дейінгі табысты таза ақша ағындарымен салыстыру үшін түзетулер:			
Тозу және амортизация	6,7	1.399.388	974.494
Негізгі жабдықтардың жылыстауынан түскен кірістер немесе шығындар		—	(40)
Қаржы кірістері	24	(45.329)	(133.406)
Қаржы шығыстары	25	402.202	627.801
Резерв		—	35.861
Үмітсіз берешек бойынша резерв	23	—	(152.459)
Қауымдас компанияның таза шығындардағы үлесі	8	28.845	81.870
Операциялық емес баптар бойынша іске асырылмаған бағам айырмашылығы		(172.763)	137.006
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалысы		3.060.730	3.847.342
Тауарлық-материалдық запастардағы өзгерістер		(75.620)	(330.310)
Салық бойынша алдын ала төлемақыдағы өзгерістер		(156.034)	39.115
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер		999.926	(1.263.066)
Өзге ұзақ мерзімді активтердегі өзгерістер		8.190	(22.479)
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер		(1.121.391)	1.911.500
Төленуге тиіс өзге салықтардағы өзгерістер		(94.630)	133.081
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі		2.621.171	4.315.183
Төленген табыс салығы		(116.454)	(69.200)
Алынған проценттер		1.731	80.280
Операциялық қызметтен тазалай түскен ақшалай қаражат		2.506.448	4.326.263
Инвестициялық қызметтен ақшалай ағындар:			
Негізгі жабдықтарды сатып алу	6	(15.916.614)	(6.123.514)
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстық төлемдер		79.761	(85.262)
Негізгі жабдықтарды сатудан түсімдер		16.214	626
Материалдық емес активтерді сатып алу	7	(123.175)	(159.873)
Инвестициялық қызметте тазалай шығысталған ақшалай қаражат		(15.943.814)	(6.368.023)
Қаржы қызметінен ақшалай ағындар:			
пайыздық өсімсіз ҚМГ ҰК АҚ алынған займды өтеу		—	(2.000.000)
Қаржылай жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу		(551.507)	(648.966)
Займ түсімдері		15.302.181	—
Займды өтеу		(286.890)	(430.728)
Төленген пайыздық өсімдер		(177.111)	(231.966)
Төленген дивидендтер	13	(322.759)	(329.952)
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражаттағы өзгерістер		2.477	(52.542)
Қаржы қызметінен тазалай түскен / (шығысталған) ақшалай қаражат		13.966.391	(3.694.154)
Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің айырбастау бағамдарында болған өзгерістердің әсері		(40.790)	(36.287)
Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінде таза ұлғаю/ (төмендеу)		529.025	(5.735.914)
Жыл басына ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері		2.285.548	8.057.749
Жыл аяғына ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері	12	2.773.783	2.285.548

* осы бағанада көрсетілген кейбір сомалар бұдан бұрын берілген 2010 жылғы шоғырландырма қаржы есептілігіне сәйкес келмейді, өйткені 4 Ескертпеде көрсетілген түзетулерді қамтиды.

Топ басшылығының атынан қол қойып, бекіткен

Бас директор

М. К. Орманов

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры

А. Т. Мұқашев

Бас бухгалтер

Р. Қ. Сәрсекенова